

Құралай – ғұмыр

Кең де жазық далада бота көздері мөлдіреп, сұлу ақбөкен алаңсыз ойнақтап жүр. Кенет... Иә, кенет аяныш сезімі жоқ екі аяқты пенде құралайға оқ атты. Әлсіз, қамқоршысы жоқ бейкүнә тіршілік иесі жерге жалп ете түсті. Пәк ғұмыр кілт үзілді де, алдінің жемтігіне айналды.

Арманға аттаныс

Дүниеге шыр етіп келгелі әке-шеше мейірімін көрмеген Құралай әже бауырында өсті. Орта мектепті ойдағыдай бітіргеннен кейін ешқайда ұзамай ауылда қалғысы келген. Өйткені, өзі кетсе әжесі жалғызсырап, далада қалатындай көрінетін. Бұл ойына қарт ананың өзі қарсылық білдіріп:

- Құлыным, туғаннан бауырыма басып, ешкімге көзтүрткі қылмай өсірдім-өндірдім. Енді, міне, бойжетіп, қолыңа іші беске толы аттестат алып отырсың. Сенен көз жазу, алысқа жіберу маған да оңай емес. Дегенмен, бағыңды сына, үлкен оқуға түсуге талаптан. Алматыда менің немере інім бар, үлкен қызметте. Соған барасың, ол саған сөзсіз көмектеседі. Өз қолыңмен менің атымнан хат жазып ала кет. Мен өлмеспін, елдің ішіндемін ғой деп,- сөзін аяқтар-аяқтамастан орнынан тұрып кетті. Әжесінің көз тостағанына іркіле қалған жасты байқаған Құралайдың да жылағысы келіп, әжесінің ту сыртынан қапсыра құшақтай алды.

- Ертесіне әжелі-немерелі екеуі аудан орталығына барып, сондағы алыс ағайынынан үлкен қызметтегі інісінің мекен-жайын алды. Сол үйден телефон арқылы оның өзімен сөйлесті. Амандық-саулықтан соң бір жетіден кейін өзінің жалғыз, көзінің қарашығы-Құралайының Алматыға баратынын, үлкен оқуға түсуіне көмектесуін өтінді. Телефонның ар жағынан:

- Әрине, оған сөз бар ма? Келсін... Көмегім әзір. Сізден көрген көп жақсылығымның бір қайтарымы болсын. Тікелей өзіме келетін болсын. Тіпті проеддан күтуге кісі жіберейін. Қашан, қай күні келеді? Апырай, Құралай дейді? Мектеп бітірді дейді? Өтіп бара жатқан уақыт-ай,- деп таңдана бәйек болып жатыр.

Осылайша үлкен бір жұмысты бітірген қамқор әже мен немере ауылдарына көңілдері көтеріңкі оралды. Келісімен үлкен жолдың қамына кірісті. Жылдар бойы зейнетақысының жарымын кейінге жинап жүрген Қойсын әжейдің сандығында біраз қаржы қордаланған еді. Оған қоса қарсы көшеде тұратын Атанбайға сатқан ала өгізінің ақшасы бар.

Дәл жолға шығар сәтте өзіне бекем болып, немересінің маңдайынан ғана иіскеді. Сөйтіп, ақ әжесінің ақ батасын алған Құралай ертесіне облыс орталығына қатынайтын автобусқа отырып кете барды.

Алғашқы алдану

Үлкен қала вокзалынан оны ешкім күтіп алмады. Қолындағы үлкен жол сумкасын зорға көтерген Құралай көп қабатты үйдің үшінші қабатына көтерілді. Неге екені белгісіз, Құралайдың жүрегі аузына тығылып, біртүрлі қорқыныш сезімі пайда болды. Әйтсе де, әжесі көз алдына елестегенде батылданып, қызылқоңыр түсті дәу есік жанындағы қоңырауға қолын созды. Ар жағынан еш дыбыс білінбеді. Сол сәтте жүрегі қайтадан дүрсілдей соға жөнелді. Бұл жолы Құралай өзінің жылайын деп тұрғанын сезді. Дереу қатайып, есін жиып, өз-өзіне келді де, есік қоңырауын ұзағырақ басты. Бұл жолы ар жақтан дауыс естілді:

- Кім бұл?

- Мен, Құралаймын, Қойсынның қызы. Абат ағайдың үйі осы ма екен?- деді бұл даусын қаттырақ шығарып.

Есікті шашын карэ үлгісімен қидырған, ұзын гүлді халатты көрікті келіншек ашты да:

-А-а, сен Құралайсың ба, кел кіре ғой, иә, Абат маған сен келеді деп айтқан,- деп бастырмалата сөйлеп жатыр. *(Әжесінің айтуы бойынша «үлкен қызметтегі кісінің» әйелінің бір көргеннен жылы шырай танытуы Құралайды таң қалдырды)*

Қолындағы жол сөмкесін босағада қалдырған оны көрікті келіншек төргі бөлмеге бастап жүрді. Амандық-саулықтан соң Торғын асүйге барып шәй қойды. Құралай ваннаға кіріп, шайынып алды. Асүйге имене басып енген Құралай жол сөмкесінен әжесі беріп жіберген құрт пен майды, сүр етті тағы басқаларды стол үстіне қоя бастады. Сол сәт тағы да есіне әжесі түсті. Енді бір сәтте әлі бет-жүзін көрмеген, мүлдем бейтаныс Абат ағасының көркем келіншегімен шүйіркелесіп шәй ішіп отырды.

Арада ай жарым уақыт өтті. Университеттің қабылдау сынақтарын ойдағыдай тапсырған Құралай конкурстан өтпеді. Оқуға түсем деп келген таудай талабы шағылып, әжесінің арманының орындалмай қалғанына көңілі жабыққан байғұс қыз күні бойы төсектен тұрмай, егіл-тегіл жылады. Кешкісін жанына келген Абат:

- Жылама, оқуға түсе алмаған жалғыз сен емес, кісі көп, конкурс қатты болды, оны өзің де көрдің. Биыл түспесең, келесі жылы түсесің,-деп шашынан сипап, жұбатқан болды.

Әжесінің тірнектеп жинаған қаржысын хатымен қоса келген күні оның қолына бергені есіне түсіп, ызасы келген ашулы қыз орнынан атып тұрып:

- Жұбату сөздеріңізге рахмет, енді қайтіп сол университетті желкемнің шұңқыры көрсін, тіпті оқымай кетсем де...

Сөйтті де, заттарын жинастыруға кірісті.

- О не дегенің, қарындасым ау, ашуыңды бас, ауылға барғанда не бітіресің? Осындағы сатушылар даярлайтын оқуға түс, директорын жақсы танимын.

- Мен мұнда сатушы боламын деп келгенім жоқ,-деп қырсыға жауап берген Құралай артынша-ақ ойланып қалды. «Шынымен ауылға барғанда не істеймін? Оқуға түсемін деп бірге оқыған сыныптастарынан бірінші болып Алматыға аттанған өзі болатын. Ауылға барса «оқудан құлап қайтып келіпті», -деп ел-жұрт сыртынан сөз қылары анық. Осыны ойлап, әрі әжесінің оқу жайындағы арманын аяқасты еткісі келмеді. Ақыры Абаттың айтқан ұсынысына келісуді ұйғарды.

Құралай сатушылар даярлайтын училищеге қабылданды. Ешқандай зауқы соқпаса да, сабаққа барады, келеді. Сабақ үстінде көбінесе әжесін ойлаумен отырады. Мұнда келгелі әжесімен бірнеше рет телефон арқылы сөйлесті. Соңғы сөйлескенінде: «Еш уайымдамаңыз,оқуға түстім. Ауылға бара алмаспын, қысқы каникулда біржола барып қайтармын» - деп, өмірінде бірінші рет әжесіне өтірік айтқан болатын.

Осылай күндер өте берді. Түс қайтқанша сабақта болады. Келе үй ішін жинап, балабақшадан осы үйдің кенжесі ерке Айконы әкеледі. Сосын кешкі ас дайындауға кіріседі.

Бір күні бұлар үй ішімен саяжайға баруға жиналды. Күн жексенбі болатын. Абат гараждан жеңіл көлігін алып келуге кеткен. Ішкі бөлмеден Торғынның: «Құралай, сен ана сумканы машинаға апара берші» деген даусы естілді. Құралай ол айтқан сөмкені көтеріп төменге түсті. Мұны көріп машинадан түскен Абат қолындағы сөмкеге қолын созып жатып, Құралайдың үсті-басына сұқтана қарады. Неге екенін қайдам, Құралайдың тұла-бойы тітіркеніп, біртүрлі болып кетті. Тоқпақтай бұрымын төбесіне әдемілей түйген балғын қыздың үстіне киген жазғы жеңіл сарафаны құлын мүшесін айқындап, сымбатын аша түскендей еді. Машинаның артқы орындығына жайғасқан бұған:

- Өзіңе мына көйлегің әбден жарасады екен, тура аққудың көгілдіріндейсің,- деді Абат рульге отырып жатып. Бұл сөзге әрі таңдана, әрі ызасы келген Құралай:

- Ендеше, мен осыны неге кидім екен деп өкініп отырмын деп,- қырсыға жауап берді. Абат тағы бірдеңе айтпақ боп мойнын бұра түсті де, машинаға таяп қалған үш бала мен Торғынды көріп, іркіліп қалды. Жол бойы алдындағы айнадан Құралайға қайта-қайта қараумен болды. Тіпті жолдың жиегіне шығып кете жаздады.

- Саған не болған, көзіңе қарасаңшы, бәрімізді қырасың ба енді,- деп жанында отырған әйелі ашу шақырды.

Бұлар кешке дейін саяжайда болды. Абаттың таңертеңгі сөзі Құралайдың есінен кетпей, осыдан бір ай бұрын ауылына тартып кетпегеніне өкінді. «Қамқор, баскөз болар ағасының» сөзі анау. Сүзеген бұқаша сүзіле қараған көздері қандай қорқынышты. «Тезірек

жатаханаға шықпасам болмас. Мынаның қандай адам екендігі белгілі болды, арты жақсылыққа апармас» деп ойлады Құралай.

Ағаның азғындығы

Құралайдың жатаханаға шыққанына да жиырма күн болған. Күн жексенбі еді. Кереуетте кітап оқып жатырған. Бірге тұратын Талдықорғанның қызы Ләззат ауылына кеткен болатын. Есік қағылды. Көрші қыздардың бірі шығар деп ойлаған Құралай:

- Кіре бер, есік ашық,- деп дауыстады.

Есік ашылып, бөлмеге Абат кіріп келе жатты. Дереву орнынан тұрған

Құралай:

- Сіз мында қайдан жүрсіз?- деді үрейлі дауыспен.

- Амансың ба, Құралайжан? Апаңның ауылдағы туыс ағасы қаза боп, біз сол жаққа жүргелі жатыр едік. Біз келгенше балалардың жанында болуға сені алып кеткелі келдім,- деді. Тұла бойын қорқыныш билеген Құралай:

- Жарайды, онда мен киініп алайын, сіз шыға тұрыңыз,- деді,барғысы келіп тұрмаса да.

- Сенің келісетініңді, менің сөзімді жерге тастамайтындығыңды білгем, рахмет. Мен машинада күтем,- деп риза кейіппен ыржия күліп шығып кетті. «Қап, әлгінде мен ауырып тұрмын, ренжімеңіз, бара алмаймын деп неге айтпадым» деп өкінді Құралай. Амал жоқ, киініп, Ләззатқа қағаз жазып, стол үстіне қалдырды. Есікті кілттеп, төменге түсті.

Сөйтіп, Абат әйелі екеуі ауылға жүріп кетті де, бұл балалармен үйде қалды. Кешкі астарын ішіп, теледидар қарап отырған балалардың кішісі Айко креслода отырған күйі ұйықтап қалды. Оны төсегіне көтеріп апарып жатқызған Құралай ана екеуіне:

- Өз орындарыңа барып жатындар, деп бұйрық беріп, теледидар мен жарықты өшірді. Өзі залдағы диванға жата кетті. Сол бойы қатты ұйықтап кетіпті. Түн жарымы ба белгісіз, шошып оянды. Әлдене тамағын жыбырлатқандай ма, қалай, өзі? Бажайлап қарап еді, қасында біреу жатыр. Өзі еркек. Сұмдық-ай, бұл кім екен?! Деп ойлап үлгергенше:

- Құралайжан, бұл мен ғой, шошыма, айналайын, мені дұрыс түсін. Сен осында келгелі менен дегбір кетті. Күндіз-түні ойымнан кетпейсің, мен сені ұнатып қалдым, сүйемін сені... Барлық жағдайыңды жасаймын, тек сен келіссең болғаны,- деп тұншыға сыбырлаған Абаттың дауысын таныды. «Оңбаған, арамза, хайуан» деп айқайлағысы келген, айқайлай алмады. Өйткені, бұл кезде Абат мұны ауыр салмағымен жаншып, ерніне сүлікше қадалып алған еді. Екі аяғымен тепкілегісі кеп, олай бір, бұлай бір бұлқынды. Орнынан тұруды ойлады. Қанша тырбынғанымен, өзінің кеудесін жаншыған зілдей салмаққа еш қауқары жетпеді. Бір сәт аузын босатып алған ол өзін таптап жатқан хайуанның мұрнын тістеп жібермеді. Жаны көзіне көрініп, қиналған анау жыланша ысылдап:

- Құралайжан, жіберші, тындашы... – деді. Ал мұның тісі оның мұрнына жабысып қалғандай айырылатын түрі жоқ. Кенет дәл төбесінен дүңк еткен ауыр соққыны сезді. Әрі қарай көз алды тұманданып, талықсып кетті.

Құралай есін ауруханада жиды. Әлсіз ыңырсып көзін ашқанда, өзіне төніп тұрған ақ халаттыны, егіле жылап жанында отырған Ләззатты көрді. Басын көтергісі келген, көтере алмады. Тұла-бойы зіл-батпан, денесі өзінікі емес сияқты. Сол сәт есіне болған оқиғаны түсіре бастады. Абаттың үйінен мұны ауруханаға жеткізген кім болды екен? «Неге тірі қалдым, сол жерде өліп кеткенім дұрыседі... Мен енді қалай өмір сүрем?» Осыны ойлағанда жан-дүниесі езіліп, кеудесін өксік қысты. Көздерін қайта жұмған кезде жас тамшылары бетін жуып кетті.

Құралай ауруханада бес күн жатты. Осы бес күн бес жылдай көрінді. Түн баласы ұйқы көрмей, сәл көзі іліне қалса шошынып, өз даусынан өзі ояматын болды. Тек дәрігерлер еккен тыныштандыратын дәрі күшімен ұйықтап жүрді. Артынан үнемі Ләззат келіп тұрды. Кейін естіп-білгеніндей, Құралайды жатақхана алдындағы скамейкада ес-түссіз жатқан күйінде таң алдында сыртқа шыққан вахтер апай көрген. Сол күйі ауруханаға жеткізіліпті.

Азғана уақыт ішінде Құралай қатты жүдеп, құр сұлдері ғана қалды. Жатақханаға келіп, өз-өзіне әбден келгеннен соң бірге оқитын қыздар бұған болған оқиғаны Торғынға жеткізіп, Абатты сотқа беру керектігін айтты. Құралай солай етпекші де болды. Бірақ Торғынның Абатты емес, мұның өзін кінәлайтыны белгілі. «Буыршын көзін сүзбесе, бура жібін үзбейді.» деп, өзіне бас салса, қайтпек? Сотқа жүгінгенде, ешқандай дәлелі жоқ, қалай бармақ? Не нәрсеге сүйеніп барады? Арада біраз уақыт өткенде «мені зорлады» деп қалай байбалам салмақ? Абаттың тамыр-танысы көп. Ол ендігі ол жақтағылардың бәрінің аузын алып та қойған шығар. Оның үстіне дәрігердің қағазында «оқыс құлап, басына зақым келгендігі» жазылыпты. Әрі ойлап, бері ойлап әбден басы қатты. Алғашқы ойынан қайтуға бекінді. Ештеңеге зауқы жоқ. Сыртқа шықса, жұрттың бәрі саусағын шошайтып күлетін сияқты болады да тұрады. Сол сәт өзін қамқоры жоқ жетім торғайдай сезінді. Ауылда жүргенде тірі жан бетіне жел болып тимей, бәрі еркелетуші еді. Енді, міне, бұл ар-намысы тапталған, ешкімге керексіз, болашағы буалдыр пендеге айналды... Көкірегі шерге толы, жылағысы келсе де, көзінен бір тамшы жас шығар емес. Осылай әрі-сәрі күйде бір апта жатып, ақыры ауылға біржола кетуге бел байлады. Тіпті училищеге құжаттарын алуға да бармады. Бәрін реттеп, билет алып келген Ләззат. Сөмкесін көтеріп, вокзалға бірге келген де Ләззат. Билетте көрсетілген орнына келіп, заттарын жайғастырды. Поездың жүруіне әлі жарты сағат бар. Бірақ Құралайдың тысқа шыққысы жоқ. Бар ойы поезд тезірек қозғалса екен дейді.

Вокзал перроны ығы-жығы халық. Дені шығарып салушылар. Вагон терезесінен сыртқа қарап тұрған Құралай кенет... адамдар арасынан жан-жағына жалтақтай қарап тұрған Абатты көрді. Тұла-бойы тігіркеніп, жанына жетіп барып, алқымынан алғысы келді. Бұл кезде поезд орнынан жайлап қозғала бастаған еді. Құралайға қарап қол бұлғап тұрған Ләззат төгіліп жылап тұрды. Ал бұл оны көрген жоқ. Өйткені Құралай көздерін тарс жұмып алған болатын. Поезд жүйткіп келеді. Орнына келіп, терезеден қарап отырған Құралай артта қалып бара жатқан әсем қаланың көркем келбетіне жиіркене қарады. Арман қуып келіп, бақытсыздыққа ұшыраған, өзінің бес ай уақытын өткізген қаланың көзінен таса болғанын тіледі.

Үзілген үміт

Құралай ауылға оралғаннан кейін бір жылдан соң әжесі дүние салды. Мынау жалғандағы жалғыз сүйеніші, қамқорынан айырылған ол мүлдем есенгіреп қалды. Әжесінің жылын өткізген соң оның өзіне ыстық көрінетін заттарын ғана алып, үйіне көршінің үйленген ұлын кіргізді. Сөйтіп, облыс орталығына жүріп кетті. Қаладағы тігін фабрикасына жұмысқа тұрды. Еңбекке араласып, өзінің барлық қайғы-мұңын ұмытқандай еді. Бірақ еркек атаулыға деген өшпенділік сезімі санасында мәңгі орнап қалған болатын. Көшеде келе жатқанда, оған көз салмайтын еркек кемде-кем. Өйткені, ол Құралай десе, дегендей, екі көзі мөлдіреген қараторының әдемісі болатын. Соңғы үш ай Сұңғат есімді ұзын бойлы келісті жігіт қыр соңынан қалмай қойды. Осы уақытқа дейін бірде-бір еркекке көз қырын салмай, олардың бәрін арам ойлы, хайуанға санап келген Құралай осы жігітті көргенде, бойындағы өшпенділік сезімін жүрек жылуы бәсеңсіткендей күй кешетін болып жүр. Іштей ұнататыны өзіне аян. Бірақ ол мұның кім екенінен бейхабар ғой. Өткен өмірін жария етсе, оның өзі-ақ теріс айналар. Бәлкім, бәрін де түсініп, кешірет. Егер мұның айтқанына сенбесе ше?

Ақыры оның өзінің бар өмірін, тұлдыр жетім екендігін, өз аузымен естіруге бел байлады. Тұңғыш рет Сұңғаттың шақырған жеріне барды. Барлық жағдайды Құралайдың өз аузынан естіген Сұңғаттың ұнжырғасы түсіп кетті. Сол бойы Құралайды үн-түнсіз жатақханаға әкеліп тастап, асығыс қоштасып кетіп қалды. Құралай бір күн, екі күн, үш күн... бір ай күтті. Жігіттен тырс еткен хабар болмады. Енді оның мүлдем келмейтініне Құралайдың көзі әбден жетті. Соңғы кезде басы қатты ауыратын болып жүр. Түн баласы жарытып ұйықтай алмай, неше түрлі жаман түстер көреді. Түсінде әжесі ылғи мұны қолын бұлғап шақырады да, аппақ түтінге айналып ғайып болып кетеді. Бұл болса: «Мама, мама» деп айқайлаған өз даусынан өзі оянып кетеді. Бүгін түсінде Сұңғатты көрді. Құралайға қарап сұқ саусағын шошайтып сақ-сақ күлеме ау, артынша Абатқа айналып, бұған қарай төніп, құшақтап, сүйгелі жатыр екен. Бұл: «А-а-а» деп айқайлап, көзін ашып алды. Тұла бойы малшынып, қатты терлеп кетіпті. Сол бойы орнынан тұрып, терезе пердесін ашып жіберді.

Ар жағынан күн нұры төгіліп тұр екен. Бейнебір мұның жүрек түкпірінде қатып қалған мұң-шерді жібіткісі келгендей... Радиодан:

Құралай көз, қолаң шаш

Алма мойын, қиғаш қас,- деген әннің әуені әлсіз естіліп тұр. Қайтадан төсегіне құлаған Құралай ал кеп жыласын. Ағыл-тегіл, өзін «жалғыз тастап кеткен» әжесіне өкпелеп жылады. Еш қызық сыйламаған мынау қатыгез тағдырына налып жылады.

Екі күн жұмысқа шықпаған Құралайды цех бастығының жұмсауымен жатақханаға іздеп келген жұмыстас келіншек бөлмесінің есігін қайта-қайта тарсылдата соқты. Ар жағынан тырс еткен дыбыс білінбеді. Көршілерінен сұрастырып көріп еді, олар соңғы екі күнде оның бөлмесінен кіріп-шыққанын көрмегендерін жеткізді. Бір сұмдықтың болғанын сезген жатақхана коменданты, фабрикадағы жұмыстастары есікті бұзуға кірісті. Есік бұзылып, ішке енген топ жылу тұрбасына асулы жатқан Құралайдың жансыз денесін көрді. Жиналғандар:

- Сұмдық-ай, байғұс қыз соңғы кезде тым жүнжіп кетіп еді, мына жағдайға жеткізген не жайт екен?
- Өзін-өзі өлімге қалай қиды десеңші,-десіп жатты. Олардың арт жағында екі жанары жасқа толып Сұңғат та тұр еді...

*** **

“Мәдени мұра” бағдарламасы және кітапхана

Мәдени мұра - бір сөзбен тұйықтауға келмейтін кең ұғым. Оған өнер атаулының бәрі, мейлі ән мен күй, жыр мен жыршы, жыраулық дәстүр, дуалы сөз, шешендік, сәулет өнері, зергерлік, әр ұлттың критерийі - тіл, адамдық сипаты-имандылық, дін, оның өзіне тән уағыздары, т.б. жатады.

Елбасының жарлығымен 2004-2006 жж. арналған “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны белгілі. Бағдарлама аясында ұлттық өнер салалары бір жүйеге келтіріліп, ғасырлар бойы сақталып келген көне жазбаларды зерттеуде біраз шаралар атқарылды десек, артық айтқандық емес.

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы алға қойып отырған міндеттердің бірі - ел арасында немесе жеке кітапхана қорларында сақталған көне жазбалар мен мәдени құнды деп табылған кітаптарды кітап қорына алдыру және ол басылымдарды өз қорында сақтауға немесе көпшілік қауымға ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол жазбаларды жоғары техникамен жабдықталған кітапханаларға жіберіп, оның электронды нұсқаларын дайындау арқылы көпшіліктің еркін пайдалануына жағдай туғызу.

Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханада бағдарламаға сәйкес облыс кітапханаларында атқарылатын шаралар жоспары жасақталып, төмендегідей жұмыстар жоспарланды: “Мәдени мұра” веб-сайтын жасақтау, “Атадан қалған аманат” атты акция шараларына қатысу, қайта басылымы жарияланбаған көне кітаптармен жұмыс, осы заманғы ұлттық мәдениет, фольклор, салт-дәстүрлер жайындағы әдебиеттер қорын толықтыру, 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай және т.б. көпшілік шаралар, кездесулер өткізу, “Тарихи-мәдени мұраларды, оның ішінде сирек кездесетін әдебиеттерді сақтау және оларды кейінгі ұрпаққа жеткізу” бағытында әдістемелік хат даярлау.

Жоспар бойынша кітапханада “Мәдени мұра-мәңгілік мирас” атты тұрақты кітап көрмесі жасақталып, жаңа материалдармен үнемі толықтырылып келеді. 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Н. Жантөрин атындағы облыстық филормонияда Ләтифолла Қапашевтің “Насихат Сүгірұлы Еділ Жайық екі су” , “Банды Аманғали ісі” кітаптарының тұсаукесер рәсімі өткізіліп, “Замана зұлматы” тақырыбымен кең көлемді кітап көрмесі жасақталды. Көрмеге тұсаукесерге қатысты материалдардан басқа кезінде қуғынға ұшырап, кейін ақталып, халқымен қайта қауышқан көптеген қазақ зиялыларының шығармалары қойылып, библиографиялық шолу жасалды.

Кітапханада қайта басылымы жарияланбаған көне кітаптар 500-ден астам дананы құрайды. Біздің негізгі міндетіміз - біріншіден, халық мұрасын, яғни көне кітаптарды сақтау, екіншіден, жазба ескерткіштерді халық игілігіне ұсыну, оқырманның кеңінен пайдалануына жағдай жасау және насихаттау.

Бұл әдебиеттердің ішінде ғасырдан астам тарихы бар кітаптар кездеседі. Мысалы, Санкт-Петербургтен 1886 жылы шыққан И. А. Гончаровтың, 1900 жылғы Гейненің, 1906 жылғы М. Е. Салтыкованың толық шығармалар жинағы, Ленинград қаласынан 1934 жылы шыққан “Проблемы Волго-Каспия”, 1945 жылы “Советский писатель” баспасынан шыққан “Каспийское море”, 1937 жылы шыққан “Творчество народов СССР”, 1938 жылғы Гегельдің шығармалар жинағы, 1940 жылы шыққан “Творческая работа Э. Золя”, 1906 жылы Санкт-Петербург қаласынан шыққан Ф. А. Брокгауз бен И. А. Ефронның “Энциклопедиялық сөздігі” кітаптары үлкен сұранысқа ие.

Қордағы мұндай әдебиеттермен жұмыс бұқаралық ақпарат құралдары, көрме, жарнамалық бетшелер, буклеттер, плакаттар, кітапханаға экскурсия жасау арқылы жүзеге асырылып отырылады.

Осындай әрбір әдебиет - көне мәдениеттің қайталанбас ескерткіші болып табылады. Бұл әдебиеттер енді қайта басылмауы да мүмкін. Сондықтан бұл әдебиеттердің эстетикалық қалпын өзгертпей, көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа жеткізу - біздің міндетіміз.

Атырау облыстық “Тарихи мәдени мұраны қорғау” коммуналдық-қазыналық кәсіпорнымен бірлескен түрде өткен “Өз өлкеңді тани біл” атты зерделі кеңесте өлкеде кездесетін тарихи ескерткіштердің бүгінгі жай-күйі, сақталуы, осы бағытта музейде, кітапханаларда атқарылуы тиіс жұмыстар жан-жақты талқыланды.

Осы зерделі кеңесте кітапхана қызметкерлерінің күшімен жасақталған “Мәдени мұра. Культурное наследие” веб-сайт [www.madenimura.freenet.kz./](http://www.madenimura.freenet.kz/) тұсауы кесілді.

Өткенді зерделеуге бағытталған тағы бір айтарлықтай игілікті іс- облысқа танымал мәдениет қызметкері, кітапхана ісін дамытуға зор үлес қосқан, Н. К. Крупская атындағы күміс медаль иегері, 1956-80 жылдары облыстық кітапхана директоры қызметін атқарған Сәбира Сисенқызы Тілесованның туғанына 80 жыл толуына орай Атырау қаласы әкімінің 27. 04. 04. жылғы № 911 шешіміне сәйкес ол тұрған Ж. Досмұхамбетов көшесіндегі 15 “а” үй қабырғасына орнатылған ескерткіш тақта болды.

С.Сисенқызы 1956 жылдан бастап өмірінің соңына дейін облыстық кітапхана басшысы болып қызмет істеді. Оның ұсынысымен және тікелей араласуымен өзі еңбек еткен жылдары облыста халықтың сұранысына орай 200-ге жуық аудандық, ауылдық кітапханалар ашылды. Көптеген елді мекендерге көшпелі кітапханалар ұйымдастырылып, кітапханаларға жаңа ғимарат салу жұмысы жүргізілді. Республика, одақ көлемінде кітапхана ісін дамыту саласында өткен зерделі кеңестерге қатысып, кітапханаларда кітап қорын сақтау, кітапханаларды орталықтандыру және т.б. жұмыстарды жүргізуде көп еңбек сіңірді.

Кезінде Сәбира Сисенқызымен жұмыстас болған көзкөрген әріптестерінің, туғандарының естеліктері, фотосуреттер жинақталып, “Өн-бойы тұнған өнеге” атты естелік кітапша құрастырылды.

Бұл жерде, егемен ел атанып, мәдени құнды мұраларымызды жинақтап, тарихымызды таразылай бастаған кезде, өмірден өткен аяулы жандарымыздың үлгілі істерін, өнегесін бүгінгі ұрпаққа жеткізу басты міндет деген қағиданы ұстанған бұл шараны өткізу жөнінде ұсыныс беріп, әрі қарай жүзеге асырылуына ұйтқы болған кітапхана директоры Қ. Керейқызының еңбегін айрықша атап өткен жөн.

Бүгінде кітапханада “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасына орай жұмыстар өз жалғасын табуда.

*** **

**Кітапхана және Қадиша атыраулықтар үшін бұлар егіз ұғымға
айналған**

*Осыдан бірнеше жыл бұрын өлкеміздің мақтанышы, Нарынның наркескен ақыны
Н.Әжіғалиев: Кітапқа әсте қастерлі деп қараймын
 Кітап көзі, ақыл-ойдың, арайдың,
 Болмаса егер ішінде бір кітабы,
 Құны қанша алтындаған сарайдың? -деп жырлаған еді.*

*Шынында да кітап пен кітапхана болмаса, адамдар рухани білімін үнемі
жетілдіріп отырмаса, мынау өмірде тоғышарлық мәңгі орнап, адамзаттың жаппай
сауатсыздануы басталған болар еді.*

*Кітапхана мәңгілік парасаттың ең биік, ең киелі ғимараты болса, кітапханашы
сол рухани қазынаның шырақшысы мен ақыл-ой әлеміндегі жол сілтеушісі.*

Осынау қасиетті мамандықты 40 жылға жуық жанына серік еткен **Қадиша Керейқызы
Қабиева** биыл 60 жастың тұғырына көтеріліп отыр.

Иә, Атыраудың мәдени жұртшылығына Қадиша Керейқызының есімі жақсы таныс.
Сонау 1970 жылы Мемлекеттік қыздар педагогикалық Институты кітапханатану факультетін
бітірген ол Облыстық балалар кітапханасында еңбек жолын бастаған еді. Алғаш жұмысқа
кіріскен кезінен бастап, ізденгіштігімен, өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя білетіндігімен
ерекшеленген жас маман тәжірибелі қызметкерлерден үйрене жүріп, кәсіби шыңдала түсті.

Өзінің біліктілігі және шебер ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен маман
1983 жылы қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне директор болып
тағайындалды. Осы қызметті 1992 жылға дейін атқарған кезінде оның қала
кітапханаларының материалдық-техникалық базасын нығайтуда, халыққа кітапханалық
қызмет көрсетуді ұйымдастыруда сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Аталған лауазымда 10 жыл
абыройлы еңбек еткен Қадиша Керейқызы 1992 жылы Облыстық ғылыми әмбебап кітапхана
директоры қызметіне ауыстырылды.

Облыстық кітапхананың кітап қорының үздіксіз толығуы мен сақталуын, мамандарды
тұрақтандыруды басты назарда ұстаған білікті басшы кітапхана жұмысын сапалық деңгейге
көтерді десек, асыра айтқандық болмас еді.

Кітапхананы облыс, республика жұртшылығына танытуда атқарып жүрген
жұмыстарының өзі бір төбе. Айталық, 1995 жылдың қыркүйегінде Түркияның Стамбул, 2003
жылдың тамыз айында Германияның Берлин қалаларында өткен Халықаралық кітапханалар
қауымдастығының /ИФЛА/ бас конференцияларына қатысты.

Облыстың мәдени өмірінде кітапхананың алатын орны ауқымды. Облыс көлемінде
Қадиша Керейқызының ұйымдастыруымен өткен шаралар көптеп саналады. Атап айтар
болсақ, 2001 жылдан кітапханамен өзара ықпалдастықта жұмыс жасаған IREX-IATP
Интернетті қоғамдық пайдалану орталығында облыс кітапханалары мамандары
«Компьютерлік сауаттылық», «Интернетті пайдалану» оқу курстарынан өтті. Кітапхананың,
ақберен батыр, дауылпаз ақын Махамбеттің 200 жылдық мерейтойына орай белгіленген
шаралар қатарындағы «Махамбет-200», 2004-2006 жж. арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік
бағдарлама аясында жасақталуы тиіс «Мәдени мұра» веб-сайттарының жасақталуы мен
облысқа танымал мәдениет қызметкері, кітапхана ісін дамытуға зор үлес қосқан, Н.К.
Крупская атындағы күміс медаль иегері, 1956-80 жылдары облыстық кітапхана директоры
қызметін атқарған Сәбира Сисенқызы Тілесованың туғанына 80 жыл толуына орай есте
қалдыру шараларын өткізу, ол тұрған Ж.Досмұхамбетов көшесіндегі 15 «а» үй қабырғасына
ескерткіш тақта орнату жөнінде /Атырау қаласы әкімінің 27.04.04. жылғы №911 шешімі/
ұсыныс беріп, әрі қарай жүзеге асыруда Қ.Керейқызының сіңірген еңбегін айрықша атап
өткен жөн.

Кітапхана жұмысының жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, танысу үшін республиканың ірі
кітапханаларында өткен түрлі семинарлар мен конференцияларға қатысып, оларды кітапхана
жұмысына енгізу мақсатында жыл сайын облыстық деңгейде зерделі кеңестер өткізуге ұйтқы
болып келе жатырған іскер басшы.

Облыс кітапханалары жұмысына жаңа технологияны енгізуде көптеген жұмыстар жүргізіп келеді. Облыстық кітапханада әрбір жұмыс орны компьютерлендірілген. 2001 жылдан РАБИС бағдарламасы бойынша кітап қорының электронды каталогі, «Атырау облысы» толық мәтінді деректер базасы т.б. жасақталуда.

Тілдерді дамыту, халықаралық достық, бірлік мәселесіне байланысты облыстағы Тілдерді дамыту департаментімен, Атырау облысы Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясымен бірлескен түрде көптеген шаралар өткізіп, ақпараттық білім беру қызметін кеңейту мақсатында Қазақстандағы АҚШ елшілігінің мемлекеттік департаменті мен Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының өзара ынтымақтастығы нәтижесінде кітапханада Американдық мәдени орталықтың ашылуы-Қадиша Керейқызының тікелей ұйымдастыруы мен іскерлік қабілетінің нәтижесінде жүзеге асырылып отыр.

Ол өлкеміздің қоғамдық өміріне белсене араласып, екі мәрте қалалық кеңес депутаты, облыс әкімі жанындағы отбасы және әйелдер ісі жөніндегі комиссияның мүшесі т.б.өзіне тапсырылған қоғамдық жұмыстарды үлкен жауапкершілікпен атқарды.

Қадиша Керейқызының 40 жылға жуық өлшеусіз еңбегі назардан тыс қалған жоқ. Әр жылдары Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрлігінің Құрмет грамоталарымен, 2000 жылы Мәдениетті қолдау жылында Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінің «Мәдениет қайраткері», «ҚР білім беру ісінің үздігі» төс белгілерімен, 2001 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай Атырау облысының ресми делегациясы құрамында болып, мерекелік медальмен марапатталды.

Еңбегімен елге танылған Қадиша Керейқызы-отбасының қамқор анасы, немере-жиендерінің сүйікті әжесі. Жан жары Көшербай екеуі бір ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген, өнегелі жанұя.

Өмірде өз жүрек қалауымен таңдаған мамандығы бойынша еңбек етіп, рухани рахатқа бөленетін жандар аз емес Солардың бірі-біздің Қадиша Керейқызы. Отыз сегіз жыл бойы мамандығына деген махаббатынан айнымай, кітапхананы жүрегіннің жартысына балап келе жатқан асыл апамыздың өмір жолы-кім-кімге де үлгі боларлық.

Кешегі 90-шы жылдарда мәдениет саласының жағдайы қиындап кеткен кезде де болашақтан тек жақсылық күтіп, қарамағындағы қызметкерлерге рухани дем берген, кітапхананы тастап кетпеуге үндеген де Қадиша Керейқызы еді. Жалпы кітапханашылар қауымы қанағатшыл, барға риза болып жүретін ең қарапайым халық болса, біз осындай жақсы қасиеттерді осы кісіден үйрендік десек те болады. Өн-бойынан парасат пен ізгілік сезіліп тұратын, бәріміздің екінші анамыздай болып кеткен Қадиша Керейқызын биылғы асқаралы 60 жасымен шын жүректен құттықтаймыз.

Деніне саулық, отбасына амандық тілеп, айналасына нұрын шашқан күн секілді әсем қалпыңызда біздің арамызда әлі де жүре беріңіз деген ақ тілегімізді арнаймыз.

*** **

Кітапханашы беделі неге төмен?

Кітапханашы тек кітапты беріп-алушы деген жалаң түсініктен арылатын кез жетті. Кітапханашы қоғамға қажет маман екенін дәлелдейтін, ол туралы оң көзқарас қалыптасатын уақыт келді.

Сонымен бүгінгі кітапхана маманы,оның қызметі қандай болуы тиіс?

Кітапханашы өскелең ұрпақтың білімді болып өсуіне бірден-бір ықпал етуші негізгі тұлға.

Бүгінгі таңда кітапханалар,әсіресе,ауылдық жерде халыққа өте қажет мекеме екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Ауылдарда кітапханалар жұртшылықтың ақпарат алатын бірден-бір рухани мекемесіне айналды. Қазіргі мектеп бағдарламасы бойынша 4-5 - ші сыныптан бастап реферат, өзіндік жұмыс, ғылыми жобалар жазуға тапсырма беріледі. Керек материалды іздеу үшін олар кітапханаға барады. Кітапханада өтетін көпшілік шараларға қатысады, ой-өрісін кеңейтеді.

Қазіргі заман көзімен қарасақ, кез-келген маман кітапханашы қызметін атқара алмауы мүмкін. Өйткені, қазіргі кітапханашы жан-жақты білімді, кәсіби сауатты, сондай-ақ, әрбір кітапханашы библиограф болуы тиіс. Кез-келген ақпаратты тез әрі нақты тауып, оқырманға бағыт беру тек кәсіби маманның қолынан келер іс. Оның үстіне ақпараттық технологиялармен жұмыс істей білуі шарт.

Атырау облысындағы кітапханашы мамандардың жағдайына келер болсақ, еліміздің көптеген кітапханаларындағы сияқты, бізде де жас мамандар жайы өткір күйінде қалып отыр. Атырау облысы кәсіби мамандармен қамтылу бойынша алдыңғы орындағы кітапханалар қатарында. Бірақ қазіргі қызмет жасап жүрген кітапханашылардың барлығы дерлік бұрыннан келе жатқан қызметкерлер. Олар зейнет демалысына кеткенде орындарын басатын жас кәсіби мамандар жоқтың қасы. Соңғы жылдары кітапханалар жас мамандармен мүлдем қамтылмады десе де болады. Себебі түсінікті, жас мамандар мардымсыз жалақыға бола кітапханаға келгісі келмейді. Керек десеңіз, кітапханашы мамандығын таңдаушылар да өте аз.

Атырау облысындағы кітапханаларда 333 маман қызметкер жұмыс жасайды. Әрі қарай саралай түссек, 110-ы жоғары, 69-ы арнаулы жоғары, 197-і арнаулы орта білімді мамандар.

Өткен жылы облыс кітапхана қызметкерлері Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі №110 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау Ережесіне» сәйкес аттестаттаудан өтті. Біліктілік санаттары жоғарылағанмен, қосылған үстемақы тым аз.

Кейбір кәсіби білікті мамандардың жалақысы жоғары басқа жұмыстарға кетіп қалғандарын да жасыра алмаймыз.

Дей тұрғанмен, алды 40, арты 20 жылдан астам кітапханада табан аудармастан келе жатқан байырғы қызметкерлерімізді мақтан тұтамыз. Атап айтсақ, кітапхана директоры Қабиева Қадия Керейқызы, бөлім меңгерушілері: Тасмағамбетов Назипа Қожахметқызы, Бейісова Бақыт Сауиянқызы, Жасыбай Зоя Мәжитқызы кітапхана саласында мол тәжірибе жинақтаған, и кейінгілерге үйретері көпмайталман мамандар. Өз мамандығын сүйіп, айтарлықтай жұмыс атқарып жүрген орта буын мамандардан Сисеналиева Майра Нәсіқызы, Жүнісова Ағайша Уахитқызы, Мұқашева Алтын Сағымбайқызы, Сисен Гүлшара Алтынбекқызы, Ерғалиева Бибігүл Қадырқызының есімдерін атауға болады.

Орайы келгенде айтайын дегенім, алдағы жылдары кітапханаға жас мамандарды көбірек жұмысқа тартуымыз қажет. Ол үшін кітапханашының жалақысын көтеріп, әлеуметтік жағынан қорғалуын қамтамасыз еткен жөн.

Біздің ойымызша, осы ұсыныстар жүзеге асса, біздің мамандығымызға деген қызығушылық арта түскен болар еді.

*** **

Әжеге деген сағыныш

Мөлдір мұң

Келмедің ғой, күн артынан күн өтті,
Келмедің ғой, ай артынан ай өтті...
Асыл әжем, өзіңді күте-күте,
Биыл, міне, отызыншы жыл өтті...

Жыл сайын Наурыз мерекесі қарсаңында біз өмірден өткен әжемізді еске түсіреміз. Осыдан отыз жыл бұрын наурыздың 20-сы күні әжемізді қара жер қойнына мәңгілікке тапсырып, әзиз жүреппен қимай қоштасқан едік.

Әжеміз қайратты, ойындағысын бүкпесіз айтып салатын, оған қоса, аңқау, балакөңіл, ашық адам еді. Әжемізді сағынышпен еске ала отырып, есімде қалған кейбір қызғылықты жайттарды қағаз бетіне түсіргенді жөн санадым.

Біз алаңсыз асыр салып ойнап, кілең табиғи, дәруменді аспен тамақтанып, ата-әже бауырында ерке өскен бақытты балалармыз. Сол бір алыста қалған бақытты балалық дәуренді еске алғанда көз алдымда әжемнің бейнесі көлбеңдейді...

Әжем тары қуыратын күні алақөбеңнен тұрып, қазан астына от жағатын. Қып-қызыл тарыны қазанға аударып, ағаш былғауышпен тынымсыз араластырып отыратын. Бабымен қуырылған әлгі тарыны кенеп қапшыққа жаятын. Оо, сіз әжемнің тарыны келіге түйгенін көрген жоқсыз. Білекті сыбанып ауыр темір келсапты түйгіштегенде ерекше қайраттанып, маңдайынан тер моншақтайтын. Содан соң аяққа салып, өзіне ғана тән әдіспен талқанынан айыратын. Исi бұрқыраған сап-сары тарыны айнала қоршап отырған біздің әрбіріміздің уысымызға салып беретін. Күтірлете жеген тарының дәмі қандай десеңізші! Артынан тары салған, қаймақты сүт қатқан қызылкүрең шайға бас қоюшы едік. Тап сол кездегідей дәмді шәйді одан кейін ішіп көрмеппін. (ол кездегі сыртында пілдің суреті бар үнді шәйінің шығымы да, иісі де бөлек еді ғой)

Сары ала майлы қызыл балықтың кеспелерін қазан толтыра асып, қолдан нан ысып тыным таппайтын. «Қазір әлгі народтардың қарны ашып келеді ғой» дейтін. Үш немесе төрт табаққа балық түсіріп, буын бұрқыратып алдымызға алып келетін. Сабақтан қарнымыз ашып келген біз дәмді асқа отыра қалушы едік. Қазандық астындағы қоламтаға бірнеше таба нан көміп, қызғылт сары дөңгелек нандарды қазан мойындығына тізіп қоятын. Тынымсыз үй тірлігін шауып жүріп атқаратын. Үйге қонақ келгенді жақсы көретін. Көпшіл, әзілі аузында жүретін. Құрбы-құрдастарының басын қосып, шүйіркелесіп шәй ішкенді жаны қалайтын. Өнерге де жақын болатын.

Халық әндерін өте жақсы көретін. Әсіресе, Ғарифолла Құрманғалиев десе, ішкен асын жерге қоятын. Теледидардан оның концертін берген кезде жаны қалмай, «Ой, бәрекедді!» деп, үнемі қолпаштап, «Ай шіркіннің даусын-ай!» деп, тамсанып отырушы еді, жарықтық...

Немерелерін халық әнін бірде ыңылдап, бірде жай дауыспен айта отырып ұйықтататын. Менің есімде:

«Алла тағала мал берсе, сұлу бір қыздан дәмем бар» немесе «Есенғазының қатыны қымызыңнан бермесен, құрысым отыр тарқамай» деген өлең жолдары жатталып қалыпты.

Батырлар жырын сүйіп тындап, үнемі мысал келтіріп отыратын. Ол кезде үйде «Асау Барак», «Қобыланды батыр» жырларының бірнеше пластинкасы болды. Соларды радиолаға салдыртып, жиі тындайтын.

Бірде түстен кейін асығыс жиналып, мектепке кеткелі жатқам. Менің тұра тұруымды өтініп: «Әй, маған ана табақты (пластинка дегені) родиаға (радиола) салып, келесісін қалай салатынын көрсетіп кетші» деді. Сондағы ойы, бізге жалынбай-ақ, қалаған уақытында жырды тындай беру екен.

Жырдағы батырлардың ерлік ісіне сүйсініп: «Оо, бала болсаң, осындай бол, сендерге олардай болу қайда» дейтін. Жырдағы Қобландының ұзақ уақыт сапардан кейінгі әкешесіне деген сағынышын бейнелейтін тұстары баяндалатын жерінде: «Ей дүние-ай...» деп күрсініп, көзіне жас алғаны күні бүгінге дейін көз алдымда.

Теледидардан әйгілі «Қыз Жібек» кинофильмі болатын күн - ол кісі үшін ерекше мереке еді. Үй шаруасының бәрін күндегіден ерте тындырып, бізге: «Шуламаңдар, ей» деп ескертіп, теледидар алдына сондай бір қуанышты жағдайда жайғасып отырып алатын. Фильмдегі Базарбайдың Төлеген аттанарда батасын бермей: «Жаныңа бір адам ереді екен деп ойлама» дейтіні бар емес пе? Сол тұста әжем: «Құдай көгермегір, жалғыз балаңа дұрыс батаңды бермей, ана жылқыңның астында қалмайсың-ау, бір!» деп, шаршап қалатын. Төлеген жалғыз аттанар сәтте анасының көкке қолын жайып, зарланатын жерінде:

«Ей, дүние-ай, шешесі құрғыр-ай» деп мұңаятын. Жаумен шайқастан кейін Бекежанның: «Бүгін сенің күнің, жұлдыздай болып ақ» деп, Төлегенді атқа отырғызып жіберетін сәтінде:

- Әй, қасқа бала-ай, ажалың Бекежаннан болатынын білмейсің ғой- дейтін қиналып.

Киноны шын беріліп көретіні соншалық, айналасында басқа адамдар отырғанын ұмытып та кететін. Кино аяқталғаннан кейін ерекше көңіл-күйдегі әжемізді ортаға алып, бәріміз шәй ішетінбіз.

Әжем: «Шақырғанға бар, шаққаннан қаш» деп, ауылдағы той, шілдехана дегендерден қалмаушы еді. Сабақтан келетін біздің түскі асымызды ертерек әзірлеп, жуынып-шайынып, таза көйлегін киіп, аппақ жаулығын басына тартып, асыға басып үйден шығып кетуші еді. Барған жерінен конфет, алма алып келеді де, онысын бізге сол бойы үлестірмей, әрқайсымыздың бетімізге қарап тұрып, бірімізге ішіндегі тәуірлеуін, енді бірімізге төмендеуін беретін. Кейінге 1-2 түйірін алып қалатын. (Ол келгенде кім үй жинап немесе баланы көтеріп жұбатып жүрсе, кәмпиттің тәуірі соның еншісінде еді)

Тойда басқалар да ыдыстағы тәттілерді салып алатын болса керек. Бір күні біреу кеседегі тарыны қолорамалына түйіп алыпты. Әжем үйге келгесін: «Кұдай бірдеңе көрінер оған, ұят-ай. Мен алсам сендерге алам, ол ана үйіндегі нән қызға апара ма екен?» деп, бізге сұраулы жүзбен күле қарады.

Атам Дәулетқали, керісінше, той-домалақ, қонаққа баруды көп ұната бермейтін. Шақырған жерге ауырып қалам деп көбіне бармай қалатын. Бір күні әжем ол бәрібір бармайды ғой деп, атама айтпай, тойға әдеттегідей өзі кетеді. Той болатын үйдің ауласына бірге кірген шалдар әжемнен:

- Дәулетқали қайда?» деп сұрайды.

Сонда әжем:

- Ол ауырады ғой, көптікте отыра алмайды» дей салады. Үйге кірсе, төрде ақсақалдардың ортасында атам отырған көрінеді. Сөйтсе, оқиға былай болған екен, әжем үйден шығып, жолай тойға бірге баратын көрші кемпірлердің үйіне соғып біраз кідіріп қалады. Атам үйдегі кішкентайлардың бірінен әжемнің қайда, кімнің үйіне тойға кеткенін біліп алады да, егістік арқылы өтетін төте жолмен желе жортып, ана үйге әжемнен бұрын барады. (Атам қағілез, жеңіл қозғалатын, жүрісі шапшаң адам болатын)

Кейін үйге келгесін әжем:

- Ойбай-ай, ұялғанымды қайтейін, әй, ауырам дейтінің қайда?» деп, атама тап бермей ме?

Сол кезде атам:

- Е-е, сенен басқа кісі тойға бармау керек пе?»- дегенді жүзімен ұқтырып, жайлап қана күлді де қойды. Біз күлкіге қарық болдық та қалдық!

Екеуі бала сияқты бір-бірімен айтысып, артынан жарасып шәй ішіп отырушы еді. Енді бірде қазанға су ысытып, атамның таза киімдерін әзірлеп:

- Әй, жүр, суға түсіп ал, ертең олай-бұлай болып кетсең, сөз мына маған келеді» деп, атамды алдына салып алып бара жататын.

Бірде мен:

- Осы атам екеуің қалай қосылдыңдар?» деп сұрақ қойғаным бар.

Сонда әжем марқұм:

- Бұл шалға қатын қайда? Атам байғұс қой алып беріп жүрген» деді.

Мен таңданып:

- Қалай сонда?» дедім. Сол кезде әжем жарықтық екеуінің ащы да болса, қызық қосылу тарихын баяндап берген еді.

Әжем әкесі Тұрғанбайдан ерте қалған. 20-жылдардың басындағы ашаршылық жылдары әжемнің шешесі Ғайша әжемді жетегіне алып, інісі Сабырды арқалай жүріп, Тайсойған маңы қырында отырған жылқылы ауылға тап болған сыңайлы. Тағдырдың жазуы шығар, бұлар менің арғы атам Тәментайдың үйіне келіп тоқтаған. Ол кісі алдарына ас қойып, ес жиғызыпты. Біраз күн өткен соң әрі қарай жол жүрмек болған. Сол кезде Тәментай: «Мына қызыңды тастап кет, екеуімен саған қиын болар. Ғұмыр берсе әлі табысарсыңдар» деп, Ғайша мен ұлын үлкен сауын түйеге мінгізіп шығарып салған екен.

Әжем сол үйде жүріп бойжетеді. Артынан ешкім іздеп келмеген. Сөйтіп Тәментай өзінің үлкен ұлы Дәулетқали екеуін мұсылмандық жолымен некелерін қидыртып, қосқан екен. Анасы көппен бірге Ресей асып, Орынбор облысының Александров ауданының Шар кентіне табан тіреген. Оларды әжем мен менің әкем ұзақ іздестіріп, бір Қабдол деген кісіден мекен-жайын алған. Әкем хат жазыпты. Кейін іздеп барыпты, сөйтіп 40 жылдан соң анасы мен бауырымен табысқан.

«Сүйген де жоқпыз, күйген де жоқпыз, еркекті сыйладық. Бетіне қарап сөйлемедік. Одан жаман болған жоқпыз. Дүниеге бала әкелдім. Тағдырыма ризамын» деп ағынан жарылған еді, қайран менің сұңғыла әжем. Десек те, кейде жүн түтіп отырып немесе жанған отқа қарап отырып көзіне келген жасты жаулығының ұшымен сүртіп отырғанын талай көрдік. Ол кезде балалықпен түсінбеппіз. Тағдырдың қатал сынына ұшыраған әжем бейбақтың көкірегі мұң-шерге толы болған екен ғой...

Әжем өте аңғал, ойын ретінде айтылған жайттарға жиі сеніп қалатын. Алданып қалған кезде еш қабақ шытпай, миығынан күліп отыра беретін.

Біз ойын қызығына түсіп, кейде қазандағы піскен сүтті ыдысқа құйып алу, қозыларды қойдан айырып қою сияқты күнделікті жұмыстарды ұмытып кетеміз. Сонда әжем:

- Ай, бір өліп қалып, бір жетіден кейін келіп, сырттарыңнан қарап тұрар ма еді, бытырап кетесіндер-ау» деп, таусыла сөйлейтін. Осының бәрін кейін айта жүрсін дедің бе екен, жарықтығым... Бізге: «Өзің тыныш жүр, ал саған ұрынса, аяма» деуші еді. Әжемізді мама деп атайтынбыз. Мамамыздан алған жақсы қасиеттер біздің кейінгі өмірімізде қажетімізге жарады. Оның айтқан шешендік сөздерін, мақал-мәтелдерін қолданып келеміз. Өлі күнге дейін мамамызды аңсап, сағынамыз

Бізді, үлкен ұлы Лестен тараған немерелерін жанындай жақсы көріп, басымыздан құс ұшырмай, бәрімізді алғаш мектепке жетектеп алып барған өзі еді. Өзі сауатсыз болса да, оқу-білімнің қажеттігін өте қатты түсінетін. Төрт жыл бұрын өзің жаныңнан артық көретін немерең Қуанышыңды қасыңа алдың. Титтейінен бағып-қағып, бесігін тербеген жиенің Асқар да арамызда жоқ бүгінде.

«Тірі адам тіршілігін жасайды» демекші, өздеріңсіз наурыз көктемді қарсылауға да көндіккен жайымыз бар...

Мұнайлы өлкенің білім бұлағы

Құрылысы 2008 жылдың көктемінде басталып жалпы аумағы-5039,9 шаршы метрді құрайтын Ғ.Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының жаңа ғимаратының пайдалануға берілуі-Атырау халқының мәдени өміріндегі айтулы оқиғаның бірі болды.

Ғ.Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының тарихы сонау 1920 жылдардан бастау алады. Биыл 90 жыл толып отыр.

1920 жылы 13 қаңтарда Халық ағарту уездік бөлімі, Гурьевтік революциялық комитет болып құрылып, алғашқы күннен бастап мектептен тыс бөлім құрылады. Бұл бөлімнің өзі үш бөлімшеге бөлініп, кітапхананың уақытша штаты енгізіледі. Осы кезден бастап кітапхана кітаптарды талдаудан өткізіп, толық каталог құрастыруға кіріседі.

1926 жылдың 15 мамырында қала бойынша уездік кітапхана кітап қорындағы кітап саны 5600 данаға жетеді.

1927 жылы Орал губерниялық саяси ағарту орталығы кітапхана туралы қаулы бекітеді. Қаулыда кітапханада оқырмандардың кітапқа сұраныс көбеюіне байланысты кітаптың жетіспейтіндігі айтылып, кітап берілімі айына 1526 данаға жеткендігі көрсетіледі.

Қалалық атқару комитеті 1927 жылдың 13 маусымында орталық кітапхана ашу туралы шешім қабылдайды.

Әкімшілік-территориялық бөліністің өзгеруіне байланысты уездік кітапхана қайта құрылып, 1928 жылы 17 қаңтарда округтік, 1930 жылы 17 желтоқсанда аудандық, 1933 жылғы 1 шілдеден қайтадан округтік, 1938 жылдың 12 ақпанынан облыстық кітапхана болып бекітілді.

Аудандарда аудандық кітапханалар құрыла бастады. Облыстық кітапхана Орталық Комитеттің «Кітапхана ісінің жағдайы және жақсарту шаралары» атты қаулысын басшылыққа ала отырып, еңбекшілердің мәдени-рухани деңгейін көтеру үшін белсенді көмек көрсетуге, партия шешімдерін насихаттауға бет бұрды.

Кітапхана «Жұлдыз» кинотеатрының бір жағында орналасты, қызметкерлер саны үш-ақ адам еді.

Кітапхана өзінің кітап қорын кітапсауда мекемелері мен республика қалаларынан почта арқылы алу жолдарымен толықтырды. Негізгі толықтыру облыстық кітапхана коллекторы арқылы жасалды, сондай-ақ, Иваново, Воронеж, Рига, Ставрополь, Тамбов, Львов және Куйбышев қалаларынан әдебиеттер алып отырды. Кітап қоры орыс классиктерінің, шетел және кеңес жазушыларының шығармаларымен толықты.

50-жылдары қаладағы А.Островский атындағы облыстық кітапхана халыққа кеңінен танылған, 1500 оқырманы бар, қаланың орталығындағы кең де ыңғайлы мекен-жайда орналасқан үлкен кітапханаға айналды. Қорында 20 мыңнан астам кітап болды және үздіксіз толығып отырды.

1953 жылы облыстық кітапхананың ішкі бөлімдері, қызметкерлер саны толықты. 1957 жылдың маусымында кітапханада әдістемелік кабинет құрылды. Оның мақсаты аудандық кітапханаларға әдістемелік көмектер көрсету, озық тәжірибелерді тарату еді.

1959 жылдың басында кітап қорын өңдеу және толықтыру, библиография бөлімдері ұйымдастырылды.

1968 жылдан бастап ғылыми жұмыстар бойынша директордың орынбасары штаты бекітілді.

Осы жылы кітапханада абонемент бөлімі қорына жүйелі және алфавиттік каталог жасақталды. Оқу залының кітап қорына жүйелік каталог құрастырыла бастады.

Кітапхана кеңесінің белсенді мүшелері сол кездегі №9 кәсіптік училище мұғалімі Тютин, дәрігер Крамчанинов, мұнай өңдеу заводының қызметкері Смыслов, Петровский атындағы завод жұмысшысы Ивакин және тағы басқалар болды.

Соғыстан кейінгі жылдары кітапханада мемлекеттің саясатын насихаттау, коммунистік партия съездерінің шешімдерін халыққа жеткізу, түсіндіру бағытында жұмыстар жүргізілді.

«кітапханада ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттауға арналған көптеген іс-шаралар өткізіліп тұратын. Ол кездері кітаптан басқа ақпарат көзі жеткіліксіз болғандықтан, халықтың кітап оқуға деген ынтасы өте жоғары болатын. кітапханаға жаңа әдебиеттер өте көп түсетін. Оқырмандар аты бүкіл әлемге танымал ақын-жазушылардың кітаптарын үйге алып оқу үшін кезекке тұратын. Жаңа түскен әдебиеттермен танысу үшін кітапханаға асығатын едік, мазмұнды кітаптар қолдан-қолға көшіп оқылушы еді», - деп еске алады ардагер кітапханашы Бақыт Сәуиянқызы.

Кітапхана үйі бірнеше рет ауысты. Әуелі қалалық саябақтағы ескі «Жұлдыз» кинотеатрының ғимаратында, кейін «Ғалымдар үйінде», одан соң бұрынғы «Неке сарайының» ғимаратына орналасты.

Сөз жоқ, бұл жағдай кітапхананың кітап қоры мен құжаттарының сақталымына кері әсерін тигізбей қалған жоқ. Тек 2007 жылдың аяғына таяу кітапханаға жаңа типтік жобадағы ғимарат салу мәселесі шешілді.

Облыс көлемінде бой көтерген тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, әсем ықшамаудандар, демалыс орындары, көпірлер қатарында кітапхананың салынуы елбасының сындарлы саясаты мен облыс әкімдігінің тікелей қолдауы арқасында жүзеге асты. Бұл туралы кітапхананың ашылу салтанатында сөз алған мәдениет ардагері Орынғали Қарасаев: «Рухани өмірде кітапхананың



орны ерекше. Кітап-білім бұлағы», - деп тегін айтылмаған. Ал кітапхана-өркениеттің көрінісі. Білімдарлыққа, ізгілікке тәрбиелейтін қасиетті орын. Әр заманда дара тұлғалар да кітапхана ашып, еліне, халқына ұсынған. Бұл дәстүр әлі де жалғасын тауып келеді. Бүгінгі шара кітапхананың ашылуына арналып отыр. Бұл үлкен қуаныш. Өйткені

оқырмандар мен кітапханашылардың ұзақ жылдар бойы күткен арман-тілегі орындалды», - десе, облыстық кітапхананың сол кездегі басшысы, Мәдениет қайраткері, кітапхана ғимаратының салыну мәселесінің шешілуіне көп еңбек сіңірген Қадиша Керейқызы: «Бәріңізді бүгінгі қуанышты мерекелік сәтпен құттықтаймын. Еліміздің экономикасындағы дағдарысқа қарамастан, мәдениетке, оның ішінде кітапхана саласына үлкен көңіл бөлгені үшін Елбасымызға алғысымыз шексіз! Сондай-ақ облыста халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған игі істердің қатарында кітапхананың да пайдалануға берілуі біз үшін үлкен қуаныш. Облыстағы барлық кітапхана қызметкерлері мен оқырмандар атынан облыс әкімдігіне, ғимарат құрылысын жүргізген «Дунамис» ЖШС-не ризашылық сезімімізді білдіреміз» - деді.

Бүгінде кітапхана дәстүрлі қызмет түрлерінің жаңа әдістерін, озық технологиялар арқылы оқырмандарға қызмет көрсетіп отыр. Облыс кітапханаларының 2052705 дана кітап қорын 200 мыңнан аса оқырман-пайдаланушы пайдаланып отыр. Кітапхана облыстағы 140 мемлекеттік көпшілік кітапханалардың үйлестіруші және әдістемелік орталығы.

Кітапханада оқырман-пайдаланушылар үшін кітап қорының алфавиттік, жүйелік, қазақ тіліндегі кітаптардың алфавиттік каталогі жасалған: өлкетану, авторефераттар, картотекалар, дәстүрлі және электронды каталогтар залдары, Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету, Абонемент, Оқу залы, Мерзімді басылмалар, салалық, өнертану әдебиеттері, электронды басылымдар және Интернет залы, Қазақстандық Ұлттық электрондық кітапхана қызметін, отандық және ресейлік дерекқорларды пайдалану, ҚР заңдары мен заңнамаларындағы өзгерістер мен толықтыруларды ұсынумен қатар құқықтық ақпарат, шетелдер жайындағы анықтамалықтар мен сөздіктер, сирек кездесетін ағылшын тіліндегі тарихи кітаптарды ұсыну, т.б. қызмет түрлерін көрсетіп отыр.

ҚР ұлттық кітапхана базасындағы Қазақстан кітапханаларының біріккен каталогы орталығына мүше ретінде «Қазақстан: өткені мен бүгіні» атты облысқа қатысты өлкетану материалдарының жиынтық картотекасында өлкеге қатысты мақалалар тізімі көрініс тапқан.



Атырау өлкесі туралы 27 кітаптың электронды нұсқасы енгізілген. Бұл қор оқырмандар тарапынан үлкен сұранысқа ие.

2010 жылы мамыр айында «Кітапханалар әлеуметтік серіктестік мәнмәтінде» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияға республиканың барлық облыстарынан кітапханашы мамандар қатысып, тақырыпқа қатысты ой бөлісіп, пікір алмасты. Кітапханада ашылған «Құқықтық ақпарат орталығы» ашылуының куәсі болды. Орталықты ұйымдастырудағы мақсат-Қазақстан заңнамасын түсіндіру жұмыстарын жүргізу, мемлекеттік қызметшілердің және жалпы халықтың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру, түсіндіру жұмыстарында жаңа ақпараттық технологияларды, соның ішінде әлемдік интернет жүйесін қолдану және құқықтық білім беру жұмыстарын жүргізу. Орталықта ҚР құқықтық ақпарат орталығының «Параграф» ақпараттық дерекқоры бар.

Сондай-ақ, кітапхана ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мемлекеттік электронды кітапханалық қор құру» жобасы, «2007-2009 жылдарға арналған ақпараттық теңсіздікті төмендету» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылған Мемлекеттік электронды кітапханалық қор-Қазақстандық ұлттық электронды кітапхана жобасына қатысушы кітапханалардың бірі. Аталған кітапхана қорынан



2003 жылдан бастап IREX Интернетті қоғамдық пайдалану ұйымымен ынтымақтастық нәтижесінде аудандық, ауылдық кітапханалардың қызметкерлері аталған орталықта «Компьютерлік сауаттылық», «Интернетті пайдалану» оқу курстарына қатысып келеді. Биылғы жылы осы ұйым «Теңізшевройл» біріккен кәсіпорнының қаржыландыруымен «Ақпараттық технология дәуірінің жастары» жобасы бойынша компьютерлік зертханаларда жүргізілетін жалпы орта мектеп жүйесінің 8-10 сынып оқушыларына сыныптан тыс қосымша шара ретінде жұмыс жүргізуде. Бағдарлама негізінде аймақта, мүмкіндігінше, қазақ тіліндегі онлайн мазмұнын қалыптастыру және кәсіпшілікке қызмет ету арқылы жастарды қоғамның дамуына, мәдени мұраның сақталуына атсалыстыру мақсаты көзделген. Жоба өзара ынтымақтастық аясында бекітіліп, жұмысты одан әрі жалғастыру ұйғарылды. Бүгінге дейін жоспарлы шаралар мен бірнеше тренингтер өткізілді.

Өндірістің қайсаласында да кәсіби біліктілікті жетілдіру үшін кітапхана мен кітапханашының көмегі қажет-ақ. Ең үздік технологияларды пайдалана отырып, мамандардың кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіре беру, оқырман сұранысын толық қанағаттандыру, халыққа ақпараттық қызмет көрсету жолында талмай еңбек ету-басты мақсатымыз, маңызды міндет.

*** **

Өмірдің өзінен алынған жайлар

қос кітапқа арқау болды

Жақында Ғ.Сланов атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханаға Еділ-Жайық қос өзен аралығындағы С.Балғымбаев атындағы кен алаңында алғашқы ашылған жылдарынан бері үзбей еңбек етіп келе жатырған мұнайшы Мұрат Бектенов өзінің 2008 жылы жарық көрген «Қос өзен мұнайшылары» және 2009 жылы шыққан «Қасиетінен айналдым» кітаптарын сыйға тартқан еді.

Бұған дейінгі жылдары республикалық «Егемен Қазақстан» (Жақсыбай Самрат, 26 қараша, 2008 жыл), «Экономика» (Мұхамбет Сыйқов, 26-тамыз, 2009 жыл), «Алтын Орда» (Баян Сүйеуова, 15 қаңтар, 2009 жыл) облыстық «Атырау» (Мендібай Сүмесінов), және Исатай аудандық «Нарын таңы» газеттерінде бұл кітаптар, оның авторы туралы жазылған мақалалар жарияланған болатын.

Кітапханаға түскен әрбір жаңа кітаппен алдымен өзіміз танысып, оны оқырманға насихаттау – біздің міндетіміз.

«Қос өзен мұнайшылары» кітабы, біріншіден, мұнайшылар көңілінен шыққан, олардың тарапынан жоғары бағаға ие болған дүние. Өйткені кітапты мұнайшының еңбегін білетін, өзі де сол қайнаған еңбектің арасында жүрген адам жазған.

Иә, авторға қос өзен аралығындағы кен орындары өте таныс, әрбір нысанның қалай салынғанын көзімен көрген, өзі қатысқан, әр жылдары еңбек еткен адамдарды да жақсы таниды. Бұл туралы кітаптың «Бастау» атты кіріспе бөлімінде автор былай дейді: «Еділ-Жайық қос өзен аралығынан алғаш мұнай өндіріп, оны мемлекетке тапсыруға 40 жыл, «Жайық мұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының құрылғанына 35 жыл толу мерейтойы болады деген хабарды естігенде қуанғанымды да, толқығанымды да жасыра алмаймын. Қуанғаным сол, бір кездері Мартыши кен орнының уығын қадасуға атсалысқандықтан, қазір «Жайық мұнай» басқармасының республикаға, қала берді шетелдерге кеңінен танымал қос өзен аралығындағы ірі мұнай-газ кен орны деңгейіне көтерілуі еді. Ал толқығаным сол, қырық жыл бойы осы кен орнында еңбек етіп келе жатқан мен қаншама аға толқын өкілдерімен, өзімнің замандастарыммен, құрдастарыммен, кейінгі толқын өкілдерімен жұмыстас болып, олардың жер қойнауынан «қара алтынды» алу қиыншылығын қалай бастан кеншіккендері көз алдымда. Кезінде теңіз жағасындағы екі-үш резервуары, бір-екі кірпіштен салынған шағын ғимараттары, үш-төрт вагонеткасы ғана бар Мартыши учаскесі, қазір атақты геолог С.Балғымбаев есімімен аталады, күндер, айлар өткен сайын өндірістік құрылыстары мен технологиялық қондырғылары қанат жая бастады. Қамысты (Камышитовое), Ровное, Гран, Жаңаталап, Забурын тәрізді жаңа учаскелер пайдалануға беріліп, мұнай өндіру жедел қарқынмен өсті.

1973 жылы «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы құрылды. Бәрі де күні кешегідей. Ембінің кәнігі мұнайшылары сонау Жылойдан, Доссордан, Мақаттан, Байшонастан ағылып келіп, өндіріске ұмтылған жергілікті ауыл жастарын мұнайшылық кәсіпке үйреткен де тап сол жылдар еді. Сол алпысыншы жылдардың аяғында, жетпісінші жылдар ішінде өзім мұнайшы бола жүріп, Махамбет аудандық «Малды өңір» газетіне әріптестерімнің еңбегі туралы мақалалар, репортаждар жазып тұрдым. (Ол кезде Исатай ауданы әлі құрылмаған болатын) Мына алда келе жатқан мұнайшылардың қос мерейтойы қарсаңында қолыма қалам алып, кешегі қолымызбен атқарған, бүгінде тарихқа айналған жайттарды қағазға түсірдім, мақала етіп алдымен аудандық «Нарын таңы» газетіне, содан соң «Мұнайлы мекен» газетіне (2008 жыл, 2 сәуір) «Мерейтой қарсаңында» деген айдармен «Тарихқа бойласақ... Еділ мен Жайық – қос өзен аралығындағы басқарманың өнім өндіргеніне 35 жыл толады» деген атпен жарияланды. Мақала газетке шыққан бойда онда аты аталғандар көрген жерде ризашылықтарын білдіріп, телефонмен алғыстарын айтып, не керек, мақаланың мұнайшылар назарын аударғанының куәсі болдым. Табиғаты аса қатал, жазы ыстық, қысы қатты өңірде, азынаған жел өтінде, боранды, лайсанды, балшықты күндері резина етікпен толарсақтан саз кешіп, су кешіп, небір қиындықтарға төзіп еңбек еткен қарапайым еңбек адамдары осы шағын мақалада аттары аталғандарына соншалықты риза болды. Осы кітапты жазуыма да осы мақалам себеп болды»

Әрі қарай кітаптың «Ақ шағылдар мен көк теңіз шертер сыр», «Еділ-Жайық қос өзен аралығын зерттеу, барлау және бұрғылау», «Мұнай өндірісінің бастауы», «Кен алаңдарындағы қажырлы еңбек», «Ұрпақтар сабақтастығы» бөлімдерінде қазақ мұнайының бір бөлшегі болып саналатын қос өзен мұнайшыларының қиындығы мен қызығы қатар жүретін еңбек жолдары баяндалады.

Кітапта оқырманның бірі білсе, бірі білмейтін кейбір деректер кездеседі. Мәселен, қарапайым оқырман ретінде мен өзім осы кезге дейін Атырау-Астрахань тас жолына таяу Қаратүбек дөңіне орналасқан күмбез тәріздес биік ескерткіштің жайын білмеуші едім. Әрі-бері өткен сайын таңдана қарап, әркімдерден сұрағанда, ешкім түсіндіріп бере алмаған. Ал мына кітапты оқи отырып, сол ескерткіштің осыдан 120 жылдай бұрын шекара белгісі ретінде салынғанын, жергілікті халық оны Тасгран деп атайтынын білдім.

Сондықтан аталмыш кітапты өлкеміздің тарихы және басты байлығымыз-мұнайы жайында жазылған құнды шығарма деуімізге әбден болады.

Екінші «Қасиетіңнен айналдым» атты кітабы автордың небір қиын-қыстауды басынан өткерген қасиетті Нарын өңірінің ардақтылары рухына бас ие отырып, есімдерінің болашаққа жалғасуы үшін естіп-білгенін, көзбен көріп, көңілге түйгенін қаз-қалпында оқырманға жеткізуді мақсат тұтқан.

Бұл кітапты оқи отырып, аты да, жырлары да барша оқырманға аса таныс емес Шығияз Шанайұлының-ХІХ ғасырда Нарын өлкесінде өмір сүрген, төкпе де тегеурінді ақын екендігіне қанық боласыз. Атап айтар болсақ, «Шығияздың Мақашқа айтқаны» атты толғауда халқымыздың өткен бір кезеңдегі басынан кешкені шебер тілмен жеткізіледі. Бұл шығарманы оқи отырып, Шығияз ақынды төл әдебиетіміздің көрнекті өкілдерінің қатарына жатқыза аламыз.

Одан әрі кітапта Нарын құмында өмір сүрген ерекше қасиет иелері Сәт ата ұрпақтары Зейнеден және балалары Уалитхан, Рыспай туралы, Нарында өмір сүрген көріпкел тасшылармен қатар, арабша терең білімді Қайыр молда, Дәрісқали молда, Измұқамбет молда, Мүтіш молдалар туралы тамаша деректер берілген. Тылсым дүние құпияларын білгісі келетін оқырман осы кітаптан біраз мағлұмат ала алады. (Осы орайда, бұл ел ішіндегі шежіре қариялардың естелік әңгімелерін үзбей жинастыру, тынымсыз еңбектену нәтижесінде кітап болып, біздің қолымызға тиіп отырғанын ұмытпағанымыз дұрыс)

Бүгінде кітап оқудың дүние жүзі бойынша күрт төмендеуінің бір себебі мазмұнды, оқырман сұранысына орай кітаптардың азайып кетуінде деген пікірлер туындауда. Мұрат ағамыздың біз сөз етіп отырған екі кітабын сол шоғыры аз кітаптардың қатарына қосылған құнды дүниелер деп айтуымызға әбден болады.

«Жақсы кітап - жан азығы» деген, сондықтан рухани дүниемізді байытар кітаптарды оқудан шет қалмағанымыз абзал. Аталған кітаптарды әлі де оқымаған оқырмандар болса, біздің кітапхананың кітап қорынан алып оқуларына мүмкіндігі бар.

*** **

Атыңнан айналайын, Ақжайығым!

Әркімнің өзінің туған ауылы өзіне ыстық. Мейлі, ол жер бетінің ең бір тамаша, ең бір сұлу аймағында жүрсін-бәрібір ол туған жерін, өскен ауылын сағынады. Жұмыр басты пенде үшін өзінің атакүлдігінен ыстық ештеңе жоқ. Соль секілді менің кіндік қаным тамған, туып-өскен жерім - өзіне тән мамыражай тірлік кешкен Жайықтың Бұқар бетіндегі Ақжайық ауылы.

Кезінде «Ақжайық тұқым совхозы» деген атағы дүркіреген сол ауылда 1986-87 жылдары мектеп оқушыларына арналған, ел арасында «полевой стан» деп аталып кеткен «Атырау» еңбек және демалыс лагерінің болғанын бүгінде біреу білер, кейбіреудің есінде қалмаған да болар.

«Бесмола» деген қорымға таяу алқапта, қателеспесем, жеті сотық жерге тұқымдық жуа егу үшін жеке атымызға жер телімі бөлініп берілді. Көктем шыға егістікке жуа отырғызуды бастап кеттік. Оқу жылы аяқталғаннан кейін әлгі «полевой станда» түнейтін болдық. Үш мезгіл құнарлы тамақ беріледі. Аспаз Зоя апай тамақтың неше түрін дайындаушы еді.

Таңғы сағат алтыда еңбек пәнінің мұғалімі Тағалем ағайдың: «Балаларым, тұрындар!» деген есік сыртындағы қатаң даусынан оянамыз. Сыртқа шығып, салқын суға жуынып, дене шынықтыру жаттығуларын жасаймыз. Әдемі темір қоршаудан жасалған беседкада ұзынынан қойылған ағаш столда қатарласа отырып таңғы асқа бас қоюшы едік. Көтеріңкі көңіл-күймен егістікке барамыз. Арам шөп жұлу, суару секілді жұмыстарды ойнап-күліп жүріп атқарушы едік. Әзіліміз аузымызда, кейде ән шырқап түскі асқа келеміз. Екі сағаттық демалыстан соң қайтадан егістік басына барамыз. Кешкі сағат 6-7 лер шамасында лагерге келеміз. Кешкі астан соң дискотека басталады. Анда-санда ауданнан машинамен кинофильм әкелініп, көрсетілетін. Терезелері тұмшаланған қараңғы бөлмеде «Волчья яма», «Полосатый рейс» атты кинофильмдер тамашалағанымыз әлі есімде. Бүгінде осы фильмдерді көре қалсам, сонау алыста қалған балдәурен шағым көз алдымда көлбеңдейді.

Әрине, үш ай каникул бойы ол лагерьде болған жоқпыз. Бір үйдің 8-9-10 сыныпқа көшкен балалары кезектесіп, әлгі далалық қоста қыркүйекке дейін еңбек еттік. Күзде жуаның қара тұқымға толы басын жинап, үйге тасыдық. Үйге әкелгеннен кейін де бейнеті көп еді. Тұқымды қауызынан айыру, суға жуу, оны кептіру, торғайлардан қорғап бағу бар. «Балдарымның жаз бойғы еңбегі ғой деп», осынау бейнетті жұмыстарды марқұм атам мен әжем атқарған еді. Күз аяғында әлгі тұқымды қаптап, тапсырып, ақшасын алдық. Ол ақшаға біраз киімдер сатып алып, маз болушы едік.

Бүгінде ауылым өркениет көшіне ілесе алатын, жан-жақты дамыған ауылдар қатарында. Тақтайдай түп-түзу жол сайрап жатыр. Ішкі көшелердің бәрі асфальттанған. Су, көгілдір отынмен әрбір үй қамтылған. «Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз » дегендей, ауыл үшін атқарылып жатырған әрбір игілікті іске қуанып, әркез сырттай тілекші болып жүремін.

Қазір сол ауылда тұрмасам да елеңдеп, жақсылығына марқайып отырамын. Біреу дүниеден өтіпті десе, мұңайып қаламын...

Шіркін, туған ауылыңа не тең келер? Маған оның әрбір тасы, шөбі қымбат. Жаратылыстың заңы солай болар, жүрек түкпірінде ауылға деген махаббат, араны жалғап тұрар бір тылсым күш бар...

*** **

Мұнайлы өлкенің рухани ордасы

карантин жағдайындағы кітапхана қызметі

Кітапхана - қай кезде де қоғам өмірінде өзіндік орны бар, мемлекет саясатын қалың жұртшылыққа насихаттап, жеткізуші ақпараттық мекеме болып табылады. Тарихқа көз жіберіп қарайтын болсақ, кітапханалар жаппай сауатсыздықты жою мақсатында құрылған қызыл отаулар, одан кейін уездік, мектептен тыс бөлімшелер ретінде халыққа білім беру ісіне атсалысқан мәдени-ағарту орталықтары болғанын білеміз.


Кеңес өкіметі кезеңінде дәуірлеген кітапханалар кейіннен егемен ел атанған кезде жаңаша түрленіп, жұмыстарын заманға сай жүргізуге бет бұра бастады. Кітапхана жұмыс процестеріне озық технологиялар енгізіліп, кітап қорындағы кітаптар сандық форматқа көшіріле бастады. Бүгінгі кітапханада оқырман-пайдаланушы сұранысын тез әрі сапалы қанағаттандыра алатын, бәсекеге қабілетті ақпарат орталығы болудың алғышарттары жасалып, сол мақсатқа жету жолында жұмыстар жасалып жатырғаны белгілі.

Биылғы жылы елімізде жарияланған Төтенше жағдайға байланысты өзге де өңірлер кітапханалары сияқты Ғ.Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы да 18 наурыздан бастап қашықтықтан, яғни онлайн жұмыс тәртібіне көшті. Күні бүгін кітапхана бойынша онлайн 211 шара өткізіліп, олардың қаралымы 125408-ке жетіп, 3730 оқырман бөліскен. Сондай-ақ, 127 виртуальды анықтама орындалып, 29 құжаттарды электронды жеткізу қызметі жүзеге асты.

Осы уақыт аралығында кітапхананың ресми сайтындағы www.atyraulib.kz «Біздің өлке-Наш край» электронды кітапханасындағы өлкетану бағытындағы кітаптар желілік оқырмандарға насихатталды. Кітап қорындағы сирек басылымдар «Ғасырлар қойнауынан-Из глубины веков» айдарымен күнделікті жарияланып тұрды. Кітапхана қорындағы 1946-1979 жж. «Прикаспийская коммуна» газеті беттеріндегі өлкетанулық мақалалар кітапхананың фейсбук парақшасында жарияланып, оқырмандарға КазНЭБ-ҚазҰЭК қорынан оқуға болатындығы туралы сілтеме берілді.



Дәстүрлі «Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы аясында таңдалған М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романын жарнамалау, аталған шығармаларды оқуға шақыруға бағытталған шаралар жарияланды. Солардың бірі-шығарма туралы оқырмандар арасындағы ой толғау. Шара модераторы ақын, өлкемізге белгілі журналист Тарас Наурызәлі акция аясындағы кітаптың авторы Әнуар Әлімжанов жайында, сондай-ақ шығарманың басты кейіпкері - әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр Әл Фараби туралы көптеген тың деректерді әңгімесіне арқау етіп, тікелей эфирде оқырмандардың сауалдарына жауап берді.



пәнінің мұғалімі Х.Досмұхамедұлы


Акцияның жыл таңдауы болып отырған екінші кітабы - Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша оқырмандар арасында онлайн конференция ұйымдастырылды. Шара қонақтары Қ.Дүтбаева атындағы мемлекеттік гуманитарлық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті атындағы Жанерке Бақытбекқызы Қапанова, Атырау мемлекеттік



университетінің көптілді білім беру факультетінің студенті Мархабат Сәбитқызы Оразова, Атырау облыстық Ұлттық гимназиясының 10 сынып оқушысы Диляра Мұтағалиева т.б. шығарма туралы өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай «Абай-дана, Абай - дара қазақта» атты кітап көрмесінің виртуальды таныстырылымы болды. Кітап қорындағы Абай Құнанбаевтың 1945 жылы Москва қаласындағы «Государственное издательство художественной литературы» баспасынан шыққан «Абай Құнанбаев» атты таңдамалы шығармасы, осы баспадан 1981 жылы жарық көрген «Абай Құнанбаев: Избранные стихотворения, поэмы, слово-назидания», «Двадцать стихотворений на трех языках» (2008), «Н.Анастасьев «Абай» (2010), Г.Бельгер «Гармония духа» (2003), «Жүрегімнің түбіне терең бойла» (1995), «Қалың елім қазағым» (2006), «Хикмет кітабы» (үш тілде), «Қара сөздер» (2011), «Адам деген даңқым бар» (үш тілде) (2017), «Өлең - сөздің патшасы» (2006) кітаптары таныстырылып, оқуға ұсынылды.

Акция аясындағы мазмұнды шаралардың бірі ретінде «Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі» атты тақырыптық конференцияны атауға болады. Шара модераторы-Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Аяпова Гүлзира Боранбайқызы мазмұнды әңгіме өрбітіп, аталған тақырып оқырмандар арасында қызу талқыланды.



«М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы әйелдер бейнесі: тарихи және көркем шындық» атты конференцияда өз пікірін білдірген оқырмандар арасынан Атырау облыстық дарынды балаларға арналған ұлттық гимназияның 11 «а» сынып оқушысы, кітапханамыздың тұрақты оқырманы Арсен Сағидуллинді ерекше атап өткенді жөн көрдім.

Сондай-ақ, «Абай вне времени» атты орыс тіліндегі онлайн сұхбатта Абай Құнанбайұлының қазақ халқы тарихындағы айрықша орны туралы мазмұнды әңгімелер айтылып, кітап қорындағы Абайдың орыс тіліндегі аудармалары насихатталды.




Мерейтой шеңберіндегі тағы бір шара «Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді...» атты ұлы ақынның қара сөздерінің шеруі. Бейнеролик арқылы оқырман назарына ұлы ақынның адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттер, тәрбие, ата-ана алдындағы перзенттік парыз хақындағы 1,9,28,39 қара сөздері ұсынылды.

Онлайн шерудің келесі жарияланымында әлеуметтік желі қолданушылары назарына 2, 4, 9, 20, 29, 31 қарасөздеріне жасалған бейнеролик ұсынылды.

Сондай-ақ, желі қолданушыларына «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» тақырыбында онлайн өлеңдер шеруі ұсынылды. Шара барысында кітапхананың тұрақты оқырмандары Сәрсенбайқызы Нәзира, Ғалым Сағидолла, Хамитов Мерхат, Сембаев Нұрхан, Наси Ақбота Абайдың өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Өлеңдер шеруінің эстафетасын келесі жарияланымда кітапхананың тұрақты оқырмандары: Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университеті Жаратылыстану



және ауылшаруашылығы ғылымдары факультеті Экология мамандығының 4 курс студенті Рамазан Салық пен Д.Нұрпейісова атындағы Халықтық музыка Академиясы Атырау музыка колледжінің 2 курс студенті Назерке Ерқосаева жалғастырды.

Ал «Мен бір жұмбақ адаммын...» атты ұлы Абайдың қанатты сөздерінің онлайн шеруіне қатысқандар арасынан кітапхананың тұрақты оқырмандары: Атырау ІТ-лицей-мектебінің жоғары сынып оқушысы Дүйсенәлі Темірлан мен Каспий өңірінің қазіргі заманғы жоғары колледжі «Құқықтану» бөлімінің 2 курс студенті Әйгерім Ғалымжанқызы ерекше көзге түсті.



Биылғы жылдың айтулы тақырыбы - Алтын орданың 750 жылдығына орай «Великая степь: Культурное наследие и роль в мировой истории» атты орыс тіліндегі онлайн сұхбатта кітапханашы Мұсағалиева София Рамазанқызы қазақ хандығының бастауы - Алтын орда, қазақ хандығының ежелгі астанасы - Сарайшық қаласы туралы толыққанды ғылыми мағлұмат беріп, кітапхана қорындағы осы тақырыптағы әдебиеттермен таныстырып өтті.

Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай жеңіс жырларының шеруі, бейнероликтер т.б.шаралар 1-31 мамыр аралығында күн сайын фейсбук желісінде жарияланып тұрды.

Мерейтойлық онлайн шаралар циклы «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран» атты беташар шарадан басталды. Әрі қарай Ұлы Отан соғысындағы даңқты қолбасшы, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының қан майдандағы бейнесін сомдайтын кеңестік орыс жазушысы Александр Бектің «Арпалыс» романы бойынша әдеби подиум, Бауыржан Момышұлы туралы «Алаштың айбынды ұлы» атты онлайн ақпараттық сағат, Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдағы ауыл тіршілігін бейнелейтін Ж.Нәжімеденовтың «Ақ шағыл» романы туралы онлайн сұхбат, даңқты жерлесіміз, Кеңес Одағының батыры Қайырғали Смағұловтың бейнесі арқылы елдің соғыс жылдарындағы ерлік бітімін бейнелейтін Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романы бойынша буктрейллер, «Жеңісті жақындатқан жерлестер» топтамасы аясында Халық қаһарманы Хиуаз Доспанованың өмір жолы мен ерлігі туралы «Қаһарман қызы қазақтың» атты онлайн сұхбат, «Жеңіс-75» айдарымен жеңіс жырларының шеруі /кітапхана мамандарының ән, көркем сөз бен жеңіс тақырыбындағы өлеңдер оқуы/ оқырман-пайдаланушылар назарына ұсынылды.



Мерейтой аясында өткен 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне арналған «Елімнің қорғаны жас ұландар» атты ерлік сағатын кітапханашы кіріспе сөзбен ашып, кітап қорындағы ерлік тақырыбындағы кітаптармен таныстырып өтсе, қаладағы 5546 әскери бөлімінің сарбаздары арасынан әр түрлі ұлт өкілдері өз тілдерінде мерекелік құттықтау жолдады.



Кітапхананың кітап қорындағы жазушы, зерттеуші Жұмабай Доспанов кітаптарынан жасақталған «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты виртуальды кітап көрмесіне оның 20 томдық, 10 томдық, 6 томдық, 2 томдық шығармалар жинақтары қойылып, оқырмандардың үлкен қызығушылығын туғызды. Әсіресе, «Ұлы Отан соғысындағы қазақ офицерлері» кітабы үлкен сұранысқа ие болды.

Кітапхананың негізгі жұмыс бағыттарының бірі - өлкетану, өйткені облыстық кітапханалар өлкетанулық құнды құжаттарды жинақтаушы, сақтаушы бірден-бір орталық. Осы орайда биыл жарияланған «Бір өлке-бір жазушы» өлкелік акция аясында жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың шығармалары насихатталып, тікелей эфирлер мен онлайн-сұхбаттар өткізілді.



Оқу акциясы аясында жазушы, драматург Рахымжан Отарбаевтың шығармаларын зерттеуші, ақын, әдебиет сыншысы, бірнеше жыр жинақтарының және монографиялардың авторы Гүлзада Ниетқалиеваның оқырмандармен тікелей эфирде онлайн ой бөлісуі оқырман жүрегіне жол тапқан керемет шара болды.

Рахымжан Отарбаев шығармаларын жастар арасында танымалдандыру, оқу мәдениетін қалыптастыру және дамыту мақсатында ұйымдастырылған тағы бір мазмұнды шара кітапханамыздың тұрақты оқырманы, театр және кино актеры, Атырау облыстық Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрының актеры Оралбай Ахрапұлы Ғалымжановтың қатысуымен өтті.

Аталған шаралар кезінде желі қолданушылар тарапынан қойылған сұрақтарды саралай келе, Отарбаев шығармаларын іздеп жүріп оқитын оқырмандар санының одан сайын арта түскендігіне көз жеткіздік.

Қазтуған жырау Сүйіншіұлының туғанына 600 жыл толуына орай «Қазтуған-Ноғайлы жырауларының ең кенжесі» атты онлайн ақпараттық сағатта Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Аяпова Гүлзира Боранбайқызы Қазтуған жырау шығармашылығы туралы толық мәлімет беріп, кітапхананың кітап қорындағы кітаптарға тоқталып өтті.



Биыл Атырау (бұрынғы Гурьев) қаласының құрылғанына 380 жыл. Осынау айтулы мерекеге орай «Атырау тарихы-суреттер көзімен» фотосуреттер галереясы оқырман назарына ұсынылды. Кітапханашы тарихи деректерге негізделген көне Гурьев қаласының өткені туралы мағлұмат беріп, 19 ғасырдағы Гурьев қалашығы туралы, сол кездегі ғимараттар-бүгінгі тарихи ескерткіш нысандарының фотосуреттері

оқырман назарына ұсынылды. Шараны кітапханашының ақын, Халық жазушысы Ф.Оңғарсынованың «Туған жер» өлеңін оқумен аяқтауы - оқырмандардың туған қаласына деген сүйіспеншілігін оятқаны жазылған пікірлерден көрініп тұрды.



Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, әнші Мекес Төрешовтың шығармашылық әлемі мен өнегелі өмір жолы туралы «Атыраудан ән озырған» атты онлайн еске алу кеші Мұхит мектебінің өкілі, Ғарифолла Құрманғалиевтің дүлдүл шәкірттерінің бірі, өлкеміздің ән өнерінің мақтанышы болған Мекес Төрешовтың 80 жылдығына орай ұйымдастырылды. Кеш қонағы – ҚР Мәдениет қайраткері, «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчестволық Одағының мүшесі, Республикалық сал-серілер байқауының «Гран при» жүлдегері Елемес Мағазов даңқты өнер майталманы туралы естелік әңгіме айтып, М.Төрешовтен үйренген әндерін орындады. Сондай-ақ, ФБ пайдаланушылары назарына слайд шеру арқылы оның өнегелі өмір жолы туралы мол мағлұмат берілді.



Қазақтың тұңғыш бард ақыны, композитор Табыл Досымовтың туғанына 55 жыл толуына орай «Табыл талантына тағзым» атты онлайн еске алу кешінде Табыл Досымов қоғамдық қорының төрағасы Б.Қалмағамбетов, досы, ақын, әнші, композитор Е.Әбдіхалықова, жерлес інілері: журналист Қаршыға Көшек пен ақын Асантемір


Қаршыға Табыл туралы естеліктер айтып, ыстық ықыластарын білдірді. Еске алу шарасы Еленаның «Доспен қоштасу» әнімен аяқталды.

Композитор, жазушы, өнер зерттеушісі, суретші, Қазақстанның және Қырғызстанның еңбек сіңірген қайраткері Илья Жақановпен, ақын, зерттеуші, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Ханбибі Есенқарақызымен, қазақтың ақиық ақыны, ҚР Өнұраны авторларының бірі Жүмекен Нәжімеденовтің туғанына 85 жыл толуына орай Атырау мемлекеттік университетінің профессоры ҚР Үздік өлкетанушысы Амангелді Шамғоновпен өткен «Жүмекенмен өткізген жарқын күндер» атты онлайн сұхбаттар, жүмекентанушы, сыншы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Рух жыры» кітабының авторы Кеңшілік Амангелді Мырзабекұлының, ақын, драматург, аудармашы, Евразия және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Маржан Ершу т.б. шығармашылық әлемі хақындағы онлайн слайд шерулер оқырман тарапынан көп қаралымға ие болған мазмұнды дүниелер болды.



Өлкемізден шыққан жазушы, баспагер М.Құлкеновтың шығармашылығын насихаттауға арналған виртуальды дереккор, ақындар: Нарынның наркескені Н.Әжіғалиевтің, Х.Досмұхамедұлы атындағы университет профессоры Қадір Жүсіптің, ақын, Мәдениет

қайраткері «Аяз би» ауыл мәдениетін қолдау қоғамдық қорының төрағасы Жеңіс Ароновтың, ардагер мұнайшы Равиль Тәжіғараұлы Шырдабаевтың, қазақтың тұңғыш бард ақыны, композитор Табыл Досымов т.б. өмірі мен шығармашылығын насихаттауға арналған библиографиялық көрсеткіштер мен тақырыптық блогтардың онлайн таныстырылымы желі қолданушылар назарына ұсынылды.



Кітапхана мамандары үйде отырған балақайларды да ұмыт қалдырған жоқ. Жас оқырмандар назарына «Қазақтың ұлттық ойындары» /Құрастырушы Б.Төтенай/ кітабы бірнеше онлайн насихатталып, балаларға «Көбелек келіп

рет

көлк етіп» атты өлең оқылып, «Ұшты, ұшты», «Кім шапшаң?» ойындарын ойнау ережесі таныстырылды.



кітапханашы, ҚР Мәдениет қайраткері Қабиева Қадisha Керейқызы Роза Аманғалиқызының кәсіби деңгейі жоғары маман, шебер ұйымдастырушы, білікті басшы болғанын айта келіп, ол кісінің адами қасиеттерін сағынышпен еске алды. Шара еліміз кітапханашылары тарапынан көп қаралымға ие болды.

Әрине, онлайн тәртібінде өткізілген шаралардың барлығын бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Жоғарыда кейбіреулеріне ғана тоқталып өттім.

Төтенше жағдай аяқталғаннан кейін жұмыс орнына оралған әріптестер кітап қорын Оңдық жіктеу кестесіне көшіру, сирек әдебиеттер мен өлкетану құжаттарын сандық түрге

21 мамыр-Мәдениет пен өнер қызметкерлері күні қарсаңында фейсбук желісінде еліміздің кітапхана тарихындағы айрықша тұлға, ардагер - кітапханашы Роза Аманғалиқызы Бердіғалиеваның туғанына 75 жыл толуына орай жарияланған «Ардақ тұтар аяулы әріптес» атты онлайн еске алу шарасында Ғ.Сланов атындағы облыстық кітапхананы 1992-2009 жылдары басқарған ардагер

көшіру, өлкетану каталогіне библиографиялық жазба құю, «Атырау» толық мәтінді дерекқорын толымдау, кітап қорын тексеру сияқты күнделікті кәсіби жұмыстарды жоспарға сай атқаруда.

Төтенше жағдай кезінде кітапханашылар кәсіби білімін жетілдіруді де ұмытқан жоқ. Кітапхана мамандары ҚР Ұлттық кітапханасының «Каталогизаторлар мектебінің» «Құжаттарды каталогтау», «Ондық жіктеу кестесі», ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы басшысының орынбасары Н.Жолдыбалиновтың құжаттарды сандық форматқа көшіру бойынша, соңғы үлгідегі технологияларды қолдану жөнінде он-лайн дәрістеріне, Қазақстандық Кітапханалық Одақ, ҚР Ұлттық кітапханасы және Л.Толстой атындағы Қостанай облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының ұйымдастыруымен өткен «Цифрлық технологиялардың даму жағдайындағы медиасауаттылықты арттыру», «Сандық ақпараттық ресурстар кітапханалардың даму тенденцияларының бірі ретінде» (Қарағанды облысының кітапханалары тәжірибесінен) атты т.б. көптеген тәжірибелік семинарлар мен сабақтарға қатысып, тыңдады. Көкейде жүрген кәсіби сұрақтарына жауап алды.

Айта кетерлік бір жайт, Төтенше жағдай кезінде Атырау облысы мәдениет және өнер мекемелері арасынан бірінші болып кітапхананың онлайн жұмысы туралы хабарлама облыстық «Қазақстан-Атырау» арнасының «Жаңалықтар» ақпараттық бағдарламасынан берілді.

Қойын дәптер жазбалары:

1. «Тіршілік түйткілдері», 2012-2016 жж.
2. «Имандылық белгісі» (Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойына орай «Ынтымақ түбі игілік» атты республикалық шығармалар байқауында жүлделі үшінші орынға ие болған шығарма), 2015 жж.
3. «Ата рухы алдындағы перзенттік парыз»/Алаш қозғалысының 100 жылдығына/, 2017 ж.
4. «Сен біздің жүрегіміздесің, аяулы әріптес!», 2018 ж. (кітапхананың фейсбук парақшасында жарияланды)
5. «Әкесіз өткен 100 күн немесе оның рухына бас ию», 2021 ж.-қаңтар (фейсбук жеке парақшамда жарияланды)
6. «Әлемді әлдилеген Ана», 2021ж.-наурыз

Тіршілік түйткілдері

қаз-қалтында

Күздің жаймашуақ бір күнінде қаладағы «Мектеп» аялдамасынан «Балықшы-Темір жол вокзалы» бағытына қатынайтын автобусқа отырдым. Пенде шіркіннің басы қашан ойсыз жүрген, түрлі ойлар жетегінде отырғанмын. Ойымды, оң жақ құлағымның түбінен естілген: «Алло, Айгүл апа, қалайсыз?» деген жарықшақ дауыс бөліп жіберді. Байқауымша, артымда отырған жолаушы менің орындығымның арқалығына шынтағын тіреп, ұялы телефонымен сөйлесіп отырған сыңайлы. Әлгінің дауысы маған ғана емес, бүкіл автобуста отырған жолаушыларға анық естіле бастады.

- Апа, мен ғой, алдында сізге үш мың теңге апарып тастаған бауырыңыз. 086 справкі дайын ба, любой уақытта барып алып кете алам ғо... солай емес пе... иә...

Телефонның ар жағындағы адам мұның кім екенін есіне түсіре алмай жатырған сияқты. Әлгі дауысын бұрынғыдан да қаттырақ шығарып:

- Ей, апа, сіз өзіңіз қызық адам екенсіз... пашти ай болды ғо үш мың теңге бергеніме... не қиындық, ренгітім бәрі бар емес пе?

Ақыры екеуі түсіністі-ау деймін, мынау тыныштық тапты. Сол сәтте автобус контролері жігітке жақындап:

- Сіз жолақысын төлеген жоқсыз ғой,- деді.
- Бауырым, ақша бар, қазір төлеймін. Ешқайда қашпаймын, қазір бір проблемаларымды шешіп алайын дағы, демесі бар ма!

Мені күлкі қысты. Өз-өзіме келіп, терезеге қарап отырдым. Басқа біреудің номерін терген әлгі жігіт тағы сөйлесе бастады.

- Қалайсың, братан, жақсысың ба?
- Нормально. Братан, өткендегі апа 086-ны әлі жасамаған сияқты. Әйтуір алдап кететін адам емес қо... А то сөздері біртүрлі... Бүгін ақша алдым. Отыз мың шығыпты, пойдет, алдындағы екі мыңды ұстап қалыпты, жарайды, барының қайыры...

Телефонның аржағындағы да көкезу біреу-ау деймін. Біздің жігіт біраз уақыт үнсіз тыңдады, тек арасында «неғылдид», «жынды ма» деп қояды.

- Менде бәрі окей. Зарплат алдым. Қазір базарға кетіп баратырм, «Динаға» Шаш қидыруға, анда арзан ғо. Сосын базардан балдарға бірдеме алып, таксимен ауылға кетем. Келем кешікпей, 086 дайын болса, кетем ғо анда. Ә, сен айтып қойшиш, апашкіге, құрсын, үш мың теңге бергеніме пашти бір ай болды ғо...

Контролер екінші рет жақындады. Жігіт: «бауырым, келе бердің ғо, мә, алшы деп», ақша ұсынды. Контролер: «Басқа ақшаңыз жоқ па, мынаған сдача жоқ» деді.

- Бауырым, менде кілең крупный, сұрасайшы, біреулерде болар уақ ақша...

Жігітім бүгін еңбекақысын алған, ірі сөйлеп отыр. Сөйлеген сөзін, дауысын тыңдап отырып, менде қызығушылық пайда болды. Мынаның түрі қандай екен?

Жайлап артыма бұрылдым. Беті күнге әбден қақталған, шашы өсіңкіреп кеткен, осы өміріне әбден риза жігіт маған қарап:

- Апашкі, бес мың уақтайсыз ба, менде ірі болып тұр, мына бауырымнан ұят болды, деді өзінің ақшалы адам екенін сездіргісі келгендей көтеріңкі дауыспен.

Автобустағы жолаушылардың ешқайсысы әлгі бес мыңдықты майдалап бере алмады. Амалы таусылған контролер ақшаны иесіне әкеліп берді.

- Ойбай, бауырым, ұят болды ғо, қазір базарға барғасын уақтап ақшанды берем, бұлай болмайды, ақшам жоқ болса екен, шүкір ақшам бар, жетед,- деді жігіт.

- Керек емес
- Жоқ болмайды, сен де ерігіп жүрген жоқсың. Мен кісі хақын жейтін адам емеспін, бауырым. Бәріміз де қазақпыз... Берем дедім бе, берем.

Мен «Рахат» аялдамасынан түсіп қалдым. Жаяу жүріп келе жатып жаңағы жігітті ойлап келемін. Ол ауылдан қалаға кәсіп іздеп келген. Жалдамалы жұмысқа тұрған ау шамасы. Отыз мың теңге еңбекақысын алған. Бай баласының бірер сағатта мейрамханаға немесе түнгі клубқа шашып жіберетін ақшасын ол күнге қақталып кем дегенде он бес күн жүріп, біреудің гаражын салып не болмаса сылағын соғып беріп тапқаны анық. Өзі сондай риза. Біреуге медициналық анықтама жасап беру үшін үш мың теңге беріп, алданып жүрсе де, екі мың теңгені қожайын ұстап қалса да, өкініп отырған ол жоқ. Барының қайыры дейді. Бәрі жетеді дейді, арзан шаштаразға шаш алдырады. Тағы ауылдағы қарасирақ ұл-қыздарына

бірденелер алады, ауылына апаратын таксиге төлейтіні тағы бар. Қалаға кері қайтуы және бар. Автобусқа жолақыны берем деп, айтқан сөзінен қайтпай отыр. Намысшыл өзі. Бәріміз де қазақпыз деп қояды. Байқауымша, ұлтшыл да сияқты. Жұрттың бәрін бауыр, ағасындай көреді. Бұл жігіт бүгінде бала-шағасын асырау үшін шалғай ауылдан қалаға келген, өз нәпақасын табан ақы, маңдай термен тауып жүрген көп қазақ жігіттерінің жиынтық бейнесі. Иә, шынайы тірліктің боямасыз кейіпкері.

*** *** ***

2016 жылдың шілде айы. Бұрын әрлі-берлі өтіп жүргенде «Насиха» пассажирының жанында бес қабатты тұрғын үйдің көлеңесінде бес-алты адам балық сатып отыратынын көретін едім. Еңбек демалысында жүргендіктен, асығыс жоқ, балық ала кетейінші деген оймен әлгі адамдарға жақындадым. Қатарласа отырған саудагерлердің ең шетінде бір орта жастағы жігіт пен 4 -5 жасар шамасында кішкене қыз отыр екен. Әлгі жігіт алдында балық жоқ. Сыртында «Лидер» деген жазуы бар пакеттен 1 литрлік өсімдік майы мен бір қорап қалташадағы «Липтон» шайын шығарып қойды да, басын көтеріп маған қарады:

- Апа, шай алыңыз, арзан, барлық жерде бұл шай қымбат,- деді. Аздап қызулау екенін байқадым. Мән бермеген күйі қатар отырған әйелден балық алдым да, ақшамды төледім.

- Апа, алыңызшиш, өкінбейсіз,- деді тағы да.

Мен жандарынан бұрылып бара жатып, сөмкемнің аузын жаппақшы болып кішкене кідірдім. Сол сәтте әлгі кішкентай қыздың: «Папа, егер мыналарды сатсаң, маған үлкеен балмұздақ әпересің ғой» дегенін құлағым шалып қалды. Жігіт не дер екен деген қызығушылық пайда болды менде. Кідіре түстім. Әлгі жігіт:

- Егер сен менің мыналарды үйден алып шыққанымды мамаңа айтпасаң, міндетті түрде әперемін деді.

Кішкентай қыз болса:

-Иә, айтпаймын, уәде берем, деді.

Жағдай белгілі болды. Шамасы, мына жігіт ішкен арағы жетіңкіремей, басы ауырғасын май мен шайды өз үйінен ұрлап алып шыққан. Сұмдық-ай, мұндай масқараны кім көрген? Өз құлқынын ойлап отбасының күнделікті жейтін тамағын сатқаны қай сасқаны? Қасында шашы желпілдеп еріп жүрген анау бүлдіршін қыз қандай тәрбие алады? Отбасын асырауы тиіс азамат (азамат деуге аузым бармаса да) жаңағыдай азғындық әрекетке барып жүр. Бүгінде қалада жасаймын деген адамға жұмыс көп. Қарғыс атқыр арақтың шырмауынан шыға алмай, қаншама тепсе темір үзетін жігітер осылай азып-тозып жүргені жасырын емес...Бұл жағдай қашан түзелмек? «Заман азып неғылсын, мұның бәрі адамнан» деп қайран Мұрат Мөңкеұлы бабам қалай дәл тауып айтқан? Осындай сансыз сұрақтар жетегінде үйге қалай жеткенімді де білмей қалыппын.

2015 жыл

*** *** ***

Бұл осыдан бес-алты жыл бұрын болған оқиға еді. Автобуста тұрмыз. «Агенттік» аялдамасынан аяғы ауыр бір келіншек автобусқа мінді. Қолында жетектеп алған кішкене қызы бар. Автобустың алдыңғы орындығында бет-жүзін кара орамалмен тұмшалап алған бір қыз отыр. Қоғамдық көлікте кісі көп. Әлгі кішкене қыз қыңқылдап жылай бастады. Анасына жабыса береді. Қызын жұбатпақшы болып, әлденелерді айтып еді, оған көнер сәби болмады. Даусы үдей түсті. Байғұс әйелдің әбден мазасы кетті. Жан-жағы толған адам, артық қимыл жасау мүмкін емес. Менің қасымда тұрған бір үлкен әйел әлгі «мұсылман кейпіндегі» қызға:

- Қарағым, ана кісіге тұрып орын берсеңші, баласын алдына алып жұбатсын деді.

Ана қыз естімеген адамдай отыра берді. Жаңағы апай тағы да орын беруін өтініп, екінші рет қайталады. Міз бақпады. Апайды ашу қысты білем, даусын көтеріп:

- Әй шырағым, сенің мұсылман болғаның қайсы, аяғы ауыр әйелге, жылаған балаға көмектеспесең, неғылған көргенсіз адамсың?

Осы сәтте автобус та кезекті аялдамаға тоқтады. Әлгі қыз орнынан жұлқына атып тұрды да, апайға қарап айтуға ауыз бармайтын боқтық сөзді айтты да, жүгіріп автобустан түсіп кетті.

Мен осы оқиғаны біразға дейін ұмыта алмай жүрдім. Біз өзі не болып кеткенбіз?

*** *** ***

Имандылық белгісі

*«Жерде бір бала қуанса,
көкте мың періште шаттанады»*

Бүгін Беркін сыртқа әдеттегісінен ертелеу шықты. Күнделіктісі осы. Жұмыстан келе салысымен тамағын ішеді де, есік алдына шығуға асығады. Ал бүгін асқа мүлдем зауқы соқпады. Үйге кірді де, жұмыс киімін ауыстыра сала сыртқа беттеді. Балалар ойнап отырған құм аулашыққа таяу скамейкаға жайғасты. Жан-жағына қарап, қоларбадағы баласын серуендетіп жүретін бейтаныс келіншекті іздеді. Көре алмады. Дереву басына: «Бүгін шықпай қояр ма екен?» деген ой келді. Сол сәтте ұнжырғасы түсіп, бойын көңілсіздік басты. Осы күйде біраз отырған ол көп қабатты үйдің бірінші подъезіне қарай басын бұрды. Баласын қолына көтерген келіншек шығып келеді екен. Бұл қуанғанынан орнынан тұрып кете жаздады. Шамамен 5-6 жасар баланы қинала көтерген талдырмаш келіншек азғана жүре түсті де, бұл отырған скамейкаға қарсы темір әткеншекке келіп отырды. Жәймен тербетіле бастады. Анасының алдында отырған бала мәз болып, аузын айқара ашып, түсініксіз бірденелерді былдырлайды.

Жұмыс бабымен осы қалаға келіп жалдамалы пәтерде тұрып жатқалы айдан асты. Үш апта болды. Осы келіншек пен баланы сырттай бақылаудан жалыққан емес. Көзіне түспеген күндері біртүрлі өзін жалғыз сезініп, қараңғы түскенше оларды күтумен болады. Неге бұлай істеп жүргені өзіне де белгісіз. Жоқ, бұл қылығы әлгі келіншекке ынтызар болып, көңілі ауғаннан емес. Мұны анық біледі. Беркін өзі құралпы баланың бәрі асыр салып ойнап жүргенде үнемі қоларбаға таңылып немесе анасының алдында отыратын қараторы баланы көруге құмар. Неге? Өйткені ол мүгедек. Анасынан басқа сүйенері жоқ әлгі бала сондай шарасыз. Бұл сол баланың тағдырына алаңдайды. Нәзік әйелдің өсіп қалған баланы әрең көтеріп жүретінін, тіпті жамбасының бір жағына қисайып кеткендігін де байқады. Жандарына барып, жағдайларын сұрап, анау баланы өзі көтеріп алғысы келеді. Бірақ қалай жақындасудың ретін білмей жүр. Келіншек мұны өзінің арам пиғылын жүзеге асырғысы келіп жүрген адам деп ойлап қалуы кәдік. Тіпті ауыр сөздер айтып, бетін қайтарып тастаса ше? Әзірге сырттарынан бақылап жүргеннен басқа қолдан келер қайран жоқ.

Әткеншектен тұрған келіншек пен баланың жандарына бір егде әйел келіп сөйлесе бастады.

Егде әйел:

- Жанболаттан хабар бар ма, каникулға қашан келеді екен?

- Иә, сөйлесіп тұрады. Әзір келе алмайтын сияқты. Сол Астанада уақытша жұмысқа орналасыпты.

- Қайтсін-ай, аз да болса ақша табайын деген де. Сендердің жағдайларың мынау, әкенің түрі анау, кімге сенгендей қасқа бала... Қоларбаларың қайда? Көтеріп жүргенге ауыр емес пе?

Самбырлай сөйлеген әлгі әйелге күмілжи жауап берген келіншектің не дегенін бұл ести алмады.

Екі әйел қатарласа үйге қарай беттеді. Подъезге еніп, ғайып болды. Жігіт те көкейіндегі сансыз сұрақтарға жауап таба алмай, пәтеріне қарай бет алды. Төсегіне

қисайған, көзі ілінбеді. Сонда мүгедек бала анасының тағы бір үлкен баласы болғаны ма? Әкелері қайда? Өмірден өткен дейін десе, әлгі әйел «әкесінің түрі анау» деді емес пе? Әлде әкелері де мүгедек жан боп мүгедектер үйінде тұрып жатыр ма екен? Осы ойын дұрысқа санады. Әйтпесе жүрегінде кішкене де болса иманы бар ер азамат кемтар болсын, соқыр болсын өз перзентінен теріс айналып кетпес болар. Шарасыз күй кешкен бәйкүнә сәбиі үшін жанын шүберекке түйіп жүрген бейшара әйелмен тағдыр тауқыметін бірге бөліскен болар еді. Осындай ойлар жетегінде жатып көзі ілініп кетіпті. Түс көрді. Түсінде әлгі мүгедек бала ақбоз аттан түсіп, бұған қарай жүріп келеді. Бұл баланың өз аяғымен жүріп келе жатқанына қайран қалып, аңтарылып тұр екен. Енді бірде әлгі ақбоз атқа бала екеуі бірге мінгесіп, мәз-мейрам болып кетіп бара жатты. Ұялы телефонның ұйқыашарынан оянып кетті. Дереву орнынан тұрып, жуынды да, жұмыс киімдерін киді. Көкірегін біртүрлі қуаныш кернеп, ыңылдай әндете жүріп, пәтерін кілттеді. Есік алдында тұрған жеңіл көлігіне келіп отырды.

Күні бойы жұмыста көңілді жүрді. Түсінде болса да мүгедек баланың жүріп жүргеніне қуанды. Жақсылыққа жорыды. Неге ол баланы ойлайды? Неге жаны ашиды? Бұл үшін олар мүлдем бейтаныс, бөтен адамдар емес пе? Солай бола тұра, Беркін өзінің баланың болашағына бей-жай қарай алмайтындығын анық түсінеді. «Неге әп-әдемі бала өмір бойы арбаға таңылуы тиіс? Неге ол өзі секілді балалармен жүгіріп ойнай алмайды? Жоқ, мен қайтсем де ол баланың аяғымен жер басуына жәрдемдесуім керек. Олармен жақын танысып, барлық жағдайды бүге-шігесіне дейін анықтауым керек»

Алдына осындай мақсат қойған жігіт кешкісін тағы да өзінің үйреншікті орнына келіп жайғасты. Келіншек пен бала көрінбейді. Өткенге көз жіберіп, ойға шомып кетті. Орта мектепті бітіріп, ауылшаруашылығы техникумында оқып жүргенінде әскер қатарына шақырылды. Мақсат - Отан алдындағы азаматтық борышты өтеу. Ол кезде қазіргідей емес, талап қатаң. Кәмелетке толған екенсің, Отаныңды қорғауға міндеттісің. Оған қоса патриоттық тәрбиенің күштілігі ме, сол кездегі бозбалалар әскерге баруға құлшынып тұратын. Сондай жігіттердің бірі – Беркін еді. Бұлардың әскерге алынуы Ауған соғысымен тұспа-тұс келді. Интернационалдық борышты өтеу мақсатында Ауған жеріне аттанған Кеңес әскерлерінің қатарына бұл да ілінді.

...Бейтаныс ел, ауа да басқа, топырақ та басқа. Өзі секілді өрімдей жас жігіттер ауған халқын дұшмандардан қорғау үшін қолдарына қару алды. Жауға қарсы тұрып, талай шайқастарға қатысты. Кезекті бір ауыр ұрыста бұл жан жолдасы Назымбектен айырылды. Көз алдында қанға бөгіп, өлім аузында жатқан жауынгер досы аспанға қарап жатып, әлдене деп сөйлегендей болды. Өзі ақындығы бар, өлең жазатын жігіт еді. Бұл ештеңені ұқпады. Жақындап, бетіне үңіле түскен. Енді анық естіді. Назымбек үзіп-үзіп: «..Отанды сүю иманнан» деді де, үзіліп кетті. Жан жолдасының жансыз денесін құшақтай алған Беркін өкіре жылап: «Сол иманың өзіңе жолдас болсыншы» деген еді-ау. Әр ұрысқа бүгін тірі қалам ба, жоқ па деген қорқынышпен кіретін жауынгерлер жанындағы қаруласын осылай әп-сәтте жоғалтып алатын.

Беркін шейіт болған жауынгердің темір қорапқа салынған өлі денесін үйіне апару үшін тағайындалған төрт адамның бірі ретінде туған елге жол тартты. Сол сәттерді есіне алғанда екі құлағы шыңылдап, көз алды тұманданып кетеді. Бұлар темір табытты машинадан түсіріп, үй ауласына кіргізді. Аулада лық толы адам. Солардың ішінен алға ұмтылған жігіт ағасының темір қораптың үстіне сұлай құлап: «Осы үйден өз аяғыңмен кеткен жоқ па едің? Екі аяғы жоқ мүгедек болсаң да, неге тірі келмедің? Көтеріп жүріп бағатын едім ғой, құлыным-ау», - деп зарлана жылағаны өмірі есінен кетпес.

Дәл қазір бұл оқиға неге есіне түсіп отыр? Ойды ой қозғайды деген осы да. Соғыс жоқ, қантөгіс жоқ айдың күні аманында мүгедек перзентін бағып- қағуға, емдетуге әрекет жасамаған әлгі баланың әкесін ойлағаннан болар, бәлкім. Енді бірде: «Қой, мен ол баланың әкесінің кім, қайда екенін білмеймін ғой, босқа кінә артпайын» деп ойлады. Басын төмен салып қалың ой жетегінде отырған ол екі аяғының ортасына келіп тоқтаған кішкене дөңгелекті көріп, бойын жиып ала қойды. Басын көтеріп еді, таяқ тастам жерде қисайып кеткен қоларбада отырған мүгедек баланы жанұшыра көтеріп алған келіншекті көрді. Шамалауынша, кішкене асфальт сүрлеумен келе жатырған қоларбаның алдыңғы дөңгелегі

ұшып кетіп, мұның аяғының арасына келіп тоқтағанға ұқсайды. Бұл еңкейіп, жердегі дөңгелекті көтеріп алды да, келіншек пен балаға қарай жүрді.

- Рахмет, абайсызда мына арбаның дөңгелегі шығып кетіп..., - деп тіл қатқан келіншектің даусында өзін кінәлі сезіну мен жасқану бар еді.

- Ештеңе етпейді, мен орнына салып берейін,- деді жігіт. Сөйтті де, еңкейіп арбаның дөңгелегін жөндеуге ыңғайланды. Байқағаны, арба әбден ескірген екен. Дөңгелекті орнату оңай болмады. Өйткені дөңгелекке кигізілетін темір қажалып, істен шыққан.

- Мен мұны үйге апарып жөндеп көрсем қайтеді, арнайы құралсыз қиындау болып тұрғаны...

- Сізге көп рахмет... Әуре болмай-ақ қойыңызшы...

- Жоқ, ол не дегеніңіз, түк әуресі жоқ. Сіз қай пәтерде тұрасыз, арбаны жөндеп, апарып берейін.

- Ыңғайсыз болды ғой, сізді ойламаған жерден әбігерге салғанымыз... Мен бірінші подъездің 4 пәтерінде тұрамын,- деп көп қабатты үйді иегімен нұсқады.

- Жақсы, мен мынаны алып кетейін.

Арбаны жерден көтеріп алған Беркіннің көзі келіншектің қолындағы балаға түсті. Көзіне қарап еді, о тоба, баланың көзінде нұр ойнап, жанып тұр екен. Өмірге деген құштарлық! Жаңа ғана есіне алған ауған жерінде көз жұмған қандыкөйлек досының көзінде де тап осындай от-жалын болатын. Ол мына жарық дүниеге сондай құштар еді. Арманы көп еді. Амал не ...

- Сау тұрыңыз, сізге тағы да рахмет,- деген келіншектің даусынан ойы бұзылып кетті.

Жігіт бір дөңгелексіз арбаны қолтықтап, пәтеріне қарай беттеді. Арбаның дөңгелегін орнату оңайға түспеді. Көп әуреленіп, әлгі желінген темірді таңғышпен қайта-қайта орап, дөңгелекті орнына жайғастырды. Бұл күйімен арбаның ұзаққа бармайтыны белгілі. Ертең жаңа қоларба сатып алып, апарып беру керек. Келіншектің қарсы болары анық. Қайткенмен де, жаңа қоларба керек-ақ. Жөнделген арбаны алып келіншектің үйіне келе жатыр. Екінші қабатқа көтерілді. Пәтер есігін жайлап қағып еді, ашық тұр екен.

- Айып етпеңіз, арбаны алып келдім. Бірақ мынау арба ұзаққа бармайтын сияқты, - деп күмілжи сөйледі. (Ұзаққа бармайтын арбаны әкеліп тұрғаны үшін өзін кінәлі сезінді)

Келіншек пен бала тамақ ішіп отыр екен. Беркінді көрген бала күлімдеп, қолын көтерді. Жігіттің жүрегі қозғалып кеткендей болды. «Аяғынан басқасының бәрі сау екен ғой байғұс баланың» деп ойлады. Олармен қоштасты да, шығып кетті.

Ертеңіне жұмыстан ерте шығып, «Сауда үйіне» барып соңғы үлгідегі қоларба сатып алды. Үйіне келді. Арбаны қалай апарып берсем екен деп ойлады. Ас үй терезесінен сыртқа қараған. Келіншек кешегі жөнделген ескі арбаға баласын отырғызып, серуендеп жүр екен. Бұл сыртқа шықпады, қараңғы түсіп, ел орнына жайғасқан соң, су жаңа арбаны көтеріп, келіншек үйіне қарай бет алды. Есік қағып еді, ар жағынан келіншектің даусы естілді:

- Бұл кім?

- Мен, көршімін ғой, - деді бұл батылданып.

Есік ашылды. Қолында су жаңа арбасы бар жігітті көрген үй иесі аңтарылып тұрды да қалды.

- Кеш жарық, сіздерге жаңа қоларба алып келдім. Өтінем, қарсы болмаңызшы, бұл менің шын ниетімнен.

- Қойыңыз, мен бұл арбаны ала алмаймын,- деп кекештеңе жауап қатқан келіншектің даусы дірілдей шықты.

- Менде бөтен ой жоқ, мұны осы үйдегі жігітке жай көрші ретіндегі менің сыйлы-ғым деп қабылдаңыз,- деген жігіт келіншектің көз тостағандарының жасқа толып тұрғанын байқады.

- Жақсы, сау болып тұрыңыздар,- деп кетуге ыңғайланды.

- Тіпті не дерімді білмей тұрмын. Ыңғайсыз болды ғой. Осылай кете салмақсыз ба? Тым болмаса, бізбен бірге отырып, шай ішіп кетсеңізші...

- Ниетіңізге рахмет, уақыт та біраз болып қалды. Мен қайтайын.

Сол сәтте зал бөлмесінен етбеттей жорғалап шыққан бала мұны көріп, екі қолын соза алға ұмтылды. Езуінде күлкі, көздері жалт-жұлт етеді. Баланы көрген жігіт шыдап тұра

алмады. Оны жерден тік көтеріп алды. Әлдене деп түсініксіз сөйлеген бала жігіттің мойнына асыла кетіп, тас құшақтай алды. Баланы арқасынан қағып, бауырына қыса түскен жігіттің жан-дүниесі езіліп кеткендей болды. Не істерін білмей сасқалақтаған келіншек:

- Ерболат, келе ғой, ұят болады,- деп баланы жігіттен ажыратпақшы болған. Бала жібермеді. Қолдары жігіттің мойнына жабысып қалғандай.

- Оқасы жоқ, бала емес пе? Кел, жігіттерше қол алысып, танысайық, менің атым – Беркін. Естуімше, сен Ерболатсың ғой. Осылай деді де, құшағындағы баланың қолын мойнынан босатып, оң қолын ұсынды. Бала да қолын созды. Есімін айтты. Мәз-мейрам. Жымың-жымың етеді.

Баланы көтерген күйі залға өтті. Диванға жайғасқан жігіт айналасына көз тастаған. Бөлме өте жұпыны көрінді. Баланы жаңа қоларбаға отырғызды. Қуаныштан жүзі бал-бұл жанған бала су жаңа арбаны нәзік қолдарымен сипалай берді. Келіншек шәйға шақырды. Шәй үстінде артық әңгіме айтылмады. Екеуі де тілдері байланып қалғандай үнсіз отырды.

Осыдан кейін Беркін мен Ерболат әбден достасып алды. Күнде кешкісін бірге серуендейді. Бірге отырып сурет салады. Өзі сондай сүйкімді әрі ақылды бала. Анасынан сұрап білгеніндей, баланың әкесі араққа құмар болыпты. Ақыры ішкілікке әбден салынып, бүгінде тіпті нашакор болып кеткен екен. Бір күні араққа сылқия тойып алған отағасы аяғы ауыр келіншегін тепкінің астына алады. Қарулы мас еркектің соққысына қарсы тұра алмаған байғұс әйел есінен танып қалған көрінеді. Күйеуі сол күйі кетіп қалғанға ұқсайды. Көршілерінің көмегімен ауруханаға жеткізілген әйел ауыр жағдайда күніне жетпей босанады. Дүниеге келген сәбидің өсе келе екі аяғын баса алмайтындығы белгілі болады. Бала биыл алты жаста. Алты жыл тағдыр тауқыметіне көніп ғұмыр кешіп келе жатқан жайлары бар екен. Бірнеше рет квотамен Астанаға барып ем алыпты. Дәрігерлер арнайы ота жасалса, баланың аяғын басып жүріп кету мүмкіндігі бар екенін айтқан. Сондай-ақ, баланың сана-сезімі дұрыс, тек арқа миы қатты зақымданып, жансыздандықтан, нерв талшықтары қысылып қалған. Анық сөйлей алмай тұрғандығы да сол себептен болса керек. Отадан кейін арнайы бақылауда болып, тиісті ем мен массаж алу қажет көрінеді. Аталған ота Қытай елінде жасалады екен. Ота жасату үшін қомақты қаржы қажет. Көмек сұрап біраз жерге барыпты, хат та жазған. Әзірге қолын созған ешкім табылмапты.

Беркіннің балаға бауыр басқаны соншалық, оны бір күн көрмесе сағынатын болды. Жұмыстан кейін үйге қарай асығады. Соңғы күндері көп ойланып, баланы емдету үшін қаржылай көмектесуге бел байлады. Өзін солай етуге тиіспін деп қамшылады. Бұл ойын баланың анасына қалай жеткізерін білмей дал болды. Ақыры бір оңтайлы сәтті пайдаланып, бар ойын келіншекке жария етті. Келіншек үнсіз тыңдап отырды да, булығып жылап жіберді. Сөйтті де, жасқа толған жанарымен жігітке қарап отырып, бұл ұсынысқа келісе алмайтындығын айтты. Біңғайсызданып қалған жігіт:

- Неге қарсы боласыз? Ерболаттың болашағы сізді ойландырмай ма? Ертең-ақ үлкен жігіт болып өседі. Сонда осылай өмір бойы қиналып жүресіздер ме? Дәрігерлер кешікпей ота жасалса, аяғынан тұрып кетеді деп отырған жоқ па?

- Сіз бізге көп жақсылық жасадыңыз, енді келмей-ақ қойғаныңыз дұрыс болар еді...

- Сіз не деп отырсыз? Ерболаттың жағдайын біліп, көріп тұрып мені қалай кете береді деп ойлайсыз? Сіз мені түсінбей отырған сияқтысыз. Бұл менің азаматтық та, адамдық та борышым.

Қыстыға жылаған келіншек жақындары мен көршілерінің баланы сылтауратып, мұның үйіне қызығып жүргенін, ертең өзімен некелесіп алатынын, сөйтіп бұл мүгедек баласымен далада қалатынын айтып гуілдесіп жүргенін баяндап берді.

Қатты таңданып, басын шайқаған жігіт:

- Ал өзіңіз қалай ойлайсыз? Мен сіздің үйіңізге қызығып жүрген адамға ұқсаймын ба?

- Жоқ, мен сіз туралы жаман ойдан аулақпын, олай етуге хақым да жоқ. Бірақ бізді қамқорлап, көмектесіп жүргеніңіз мені таң қалдырады. Бір жағынан қатты қысыламын...

- Ендеше, мені тыңдаңыз...

Осылай деген жігіт өзінің тұлдыр жетім екенін, балалар үйінде өсіп, өз тірлігімен оқып, білім алғанын, ұстазының қамқорлығы арқасында жақсы жұмысқа тұрып, өз білімімен

көтерілгенін жайып салды. Бұл қалада өзінің жеке фирмасының бөлімшесін ашып, уақытша тұрып жатқандығын, Астанада үйінің барын, тіпті бұрын үйленіп арада бала болмағандықтан, ажырасып кеткендігіне дейін айтты. Баланы емдетуді алдына мақсат етіп қойғанын, сол жолда ештеңеден тайынбайтынын төтесінен қойды.

- Сіз өзіңіз де қаржылай көмектесетін демеуші іздеп жүрген жоқсыз ба? Мені табылған демеуші деп қабылдаңыз,- деп қатулана сөйледі. Көз жасын көл етіп отырған келіншектің бұл ұсынысқа келісуден басқа амалы қалмады.

* * *

Арада жыл жарым уақыт өтті. Ерболатқа ота жасалды. Сәтті шыққан отаның арқасында бала аяғымен жер басты. Шауып кетпесе де, бұраландай басып өз бетімен жүре бастады. Бұл бейкүнә бала мен оның анасы үшін зор бақыт еді. Беркін де жанына маза бермей жүрген ойлардан арылды. Соғыста жан жолдасының ажалына қарсы тұра алмаса да, мүгедек баланың өмірге қайта келуіне себепші болғаны үшін өзін бақытты сезінді.

Тағдырдың талай сынына төтеп берген бұл үшеу күздің жанға жайлы шуақты бір күнінде ұшаққа отырып, Астанаға қарай бет алды. Жүздері бақыттан бал-бұл жанады. Әуеде де, болашақ өмірде де әрдайым жолдары болсын деп тілейік.

*** **

Ата рухы алдындағы перзенттік парыз

Алаш қозғалысының 100 жылдығына орай

Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы тарихи-саяси айрықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені ол Қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді. Алмағайып кезеңде амал тауып, халқының басын қосып, ертеңіне сендірген осындай ұлы топ бұған дейін болмағаны тарихтан белгілі. Алаш қозғалысы Кеңес өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы-тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы.

Алаш зиялыларының Қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» деп көрсеткен болатын.

Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің үлкені - Алаш идеясын бүгінгі жас ұрпақ бойына сіңіру.

Осы мақсатта Атырау облысы кітапханаларында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Соңғы жылдарға көз жүгіртер болсақ, 2013 жылы атыраулық алаш қайраткері, ғалым, дәрігер Х.Досмұхамедұлының туғанына 130 жыл толуына орай тарихи тұлғаның өмірі мен қызметін таныстыру, есімін ұлығылау мақсатында «Алаш елінің мақтанышы» атты ғылыми тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ұстазы, педагогика ғылымдарының кандидаты Қаржаубаев Аманқос Биязбайұлы «Халелдің

парасаттылығы», осы университеттің география кафедрасының аға оқытушысы Мұстафина Әсемгүл Жәнібекқызы «Х.Досмұхамедұлының жаратылыстану ғылымы саласына қосқан үлесі», тарих ғылымының кандидаты, доцент Турдалиев Әділбек Олжабайұлы «Қазақ-қалмақ қатынастары Х.Досмұхамедов еңбектерінде», мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі, доцент Рысқалиева Фариза Иксанқызы «Х.Досмұхамедов өмірі мен қоғамдық қызметі туралы» сонымен қатар педагогика және психология мамандығының магистранты А.Т. Жұмағазиева «Х.Досмұхамедұлының этнопедагогикалық көзқарастары» тақырыбында баяндамалар жасады.

Конференцияға қатысқан университеттің «Тарих» факультетінің 2 курс студенттері өлкеміздің мақтанышы, белгілі ғалым Халел Досмұхамедұлы туралы жан-жақты мағлұмат алып, халелтану бойынша білімдерін кеңейтті деп айта аламыз.

2014 жылы №2 қалалық ОКЖ-ге қарасты Еркінқала және Ракуша ауылдық кітапханаларында жергілікті жазушы Жеңіс Ароновтың алаш қозғалысының көрнекті өкілі Аспандияр Кенжин туралы жазылған «Аспандияр Кенжин-ақ жолды аңсаған азамат» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Тұсаукесер рәсіміне А.Кенжиннің туысқандары, ауыл тұрғындары, студенттер, кітапхана оқырмандары қатысты. Өлкеміздің біртуар азаматы туралы өз ой-пікірлерін ортаға салған жазушы-өлкетанушы, Махамбет сыйлығының иегері Өтепберген Әлімгереев, ҚР Мәдениет қайраткері Әбілхан Төлеуішов, журналист Ғайнолла Зинуллин, А.Кенжиннің немере інісі, ҚР Денсаулық сақтау саласының үздігі, медицина ғылымының кандидаты, Атырау медицина колледжінің директоры, деректі естелік кітаптың жарыққа шығуына демеушілік көрсеткен Өтепқалиев Мұса Ризуанұлы және кітап авторы, ақын, жазушы ҚР Мәдениет қайраткері Аронов Жеңіс Аронұлы қатысты.

Туған халқы үшін аянбай тер төккен Аспандияр Кенжиннің өмір жолы арқылы болашақ ұрпақтың бойына патриоттық тәрбиені, ұлттық болмысты қалыптастыру мақсатын көздеген бұл тағылымды шара көпшілік көңілінде қалды. *Бүгінгі күні аталған кітап Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхана қорына орналастырылып, барша оқырмандарға қолжетімді жағдайда.*

Осы жылдың қараша айында мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым-тарихшы Санжар Асфендияровтың туғанына 125 жыл толуына орай оның өмір жолын бүгінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында «Жарқырап өткен бір жұлдыз» атты кітап көрмесі жасақталды. Көрмеге Ғ.Ахмедовтың «Алаш алаш болғанда» (1996), К.Нұрпейісовтың «Алаш һәм алашорда» (1995), «Алаштың ардағы» (2010), «Әлемдік педагогикалық ой-сана» (2010), «Қазақтар» (1998), «Алаш көсемсөзі» (2010), «Алаш қозғалысы» (2007), Б.Аспандияровтың «Образование Букеевской орды и ее ликвидация» (2007), «История Казахстана» (1993) және т.б. әдебиеттер қойылып, оқырман назарына ұсынылды.

2015 жылы Алаш қозғалысының қайраткері, Түркістан өлкесі халықтарының азаттық күресі жетекшілерінің бірі Мұстафа Шоқайдың туғанына 125 жыл толуына орай «Ұлт тәуелсіздігін аңсаған арыс» атты тақырыптық кеш өтті. Кешке қатысқан Атырау мұнай газ технологиялық колледжі студенттері арасында сауалнама жүргізіліп, олар «М.Шоқайдың артына қалдырған еңбектері кім арқылы зиялы қауымға жетті?», «Мұстафаның басынан өткен қиыншылығы?», «Кеңес өкіметі кезінде оның басты мақсаты не болды?» т.б. сұрақтар төңірегінде ой өрбітті.

Сондай-ақ, жыл сайын облыс кітапханаларында 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Халық қасіреті және тарих тағлымы» атты кітап көрмесін жасақтау дәстүрге айналған. Сол бір зұлмат жылдар құрбандарының қоғамдық-қайраткерлік өмір жолдары, әдеби-публицистикалық еңбектері, таңдамалы шығармалары қойылатын бұл көшпелі көрмелер «Жеңіс» саябағына, алаңдарға апарылып, көпшілік назарына ұсынылып келеді. Мәселен, «Алаш қозғалысы», «Алаш ақиықтары», Мақсат Тәж-Мұрат «Батыс Алаш орда», Ғалым Ахметов «Алаш алаш болғанда», Кеңес Нұрпейісовтың «Алаш һәм алашорда», Сәкен Өзбекұлы «Арыстары Алаштың» сияқты туындылары әркез оқырман назарын аудартқан әдебиеттер болып табылды.

Былтырғы жылы Семей қаласындағы Абай атындағы Шығыс Қазақстан облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы базасында жасақталған «Алаш арыстары» электронды кітапханасы қорына серіктес ретінде атыраулық алаш қайраткерлерінің шығармалары мен

олар туралы жазылған еңбектердің толық мәтіні және олардың есімі берілген нысандар туралы материалдар (34 атау кітап, 63 мақала) жіберілді.

Биыл Алаш қозғалысына 100 жыл. Осы айтулы тарихи оқиғаға орай Атырау облыстық тарихи өлкетану музейі мен облыстық, қалалық архивтер қорындағы деректермен қоса Ғ.Сланов атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапхана қорындағы материалдарды қамтитын «Атыраулық Алаш қайраткерлері» атты электронды дерекқор жасақталып, сәуір айында тұсаукесері кесіліп, оқырман қауымға жол тартты. Дерекқорға кітаптар, зерттеу мақалалары, мерзімді басылымдар беттерінен алынған толық мәтінді деректермен берілген 140 атау мәліметтер енгізілді. Бұл дерекқор ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы базасында жасақталып жатырған «Мәңгілік ел» электронды дерекқорға енгізілді.

Дерекқор мерзімді басылымдар беттерінде жарық көрген деректі мақалалармен толықтырылып келеді.

Сондай-ақ, кітапханада жыл басында «Алаш қозғалысы: тарихы мен тағылымы» атты тұрақты кітап көрмесі жасақталып, 60-тан аса кітап пен мерзімді басылымдар қойылды. Көрменің тұсаукесер рәсімі өткізіліп, күнделікті кітапханаға келген оқырмандармен жүйелі түрде таныстырылып келеді. Жыл ішінде «Алаш ардақтылары жайлы 20 кітап» - диалог көрме, «Атыраулық алаш қайраткерлері» - библиографиялық шолу, «Алаш қозғалысы және біздің өлке» - ақпараттық-танымдық шара т.б. Алаш қозғалысының мән-маңызын аша түскен мазмұнды шаралар болды.

Республикалық «Бір ел-бір кітап» акциясының биылғы жыл кітабы болып қазақтың көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров өлеңдерінің таңдалуы тегіннен тегін емес. «Алаш туы астында, күн сөнгенше сөнбейміз» деп алты алаштың ұранын жырлап өткен Сұлтанмахмұт бүгінгі «Мәңгілік ел идеясын» қолымызға ұстатып кеткендей.

Алаш қайраткерлерінің, қаламгерлерінің еңбектерімен танысқанда, олардың ой-пікірлеріндегі гуманистік аңсарды аңғармау мүмкін емес. Алаш қаламгерлері шығармашылығында гуманистік идеал, гуманистік ой алдыңғы қатарға шығып, ұлттың адамсүйгіштік қасиеттері бейнеленді.

Олай болса, Алаш зиялыларының еңбектерін қалың оқырманға, әсіресе, бүгінгі жас ұрпаққа насихаттау жолында қажымай, талмай, үлкен кәсіби шығармашылық ізденіспен еңбек етуге шақырамын.

*** **

«Сіз біздің жүрегіміздесіз, аяулы әріптес...»

Әріптесім Күнсұлу Қуанышбекқызының рухына

Кітапхананың бірінші қабатындағы жаңа кітаптарға толы кең бөлмеге кірдім. Сіз жоқсыз... Жұмыс үстеліңіз жетімсіреп тұр. Сөре толы кітаптар да өзіңізді жоқтап тұрғандай көрінді маған. Ылғи жұмысқа таңертең сағат сегізде келіп баспалардан толассыз келіп жататын жаңа кітаптарды орын-орындарына жайғастырып, құжататтарын қол қойғызу үшін әкеліп тұратынсыз... Міне, бүгін де кітаптар келді. Кітапты жеткізушілер сіздің телефоныңыздың жауап бермейтіндігін айтып таңырқауда. Өйткені сіз олардың тәуліктің кез-келген уақытында соққан қоңырауына дереу жауап беретінсіз...

... Ей, жалған дүние ай... Жұма күні сағат жетіге дейін жұмыста болған Күнсұлу Қуанышбекқызын дүйсенбі күні жер қойнына тапсырамыз деп кім ойлаған?

Кім ойлаған

Таусылар - деп бұлай күн,

Кегі жоқ жан

Адамның да, құдайдың.

Шылымыңның

Оты сөніп болғанша,-

Өзің сөніп қалғаныңа жылаймын.

Тірінікі –
Жылап-жылап басылу-
Қатал тағдыр
Үкіміне бас ұру.
Тау басынан
Тағы да үйге оралып,
Тіршіліктің көшесінде шашылу.
Балалармен жалғасады сендік той.
Ұмытпаспыз,-
Ұмытпаймыз дедік қой.
Өлгендерді ұмытпау да-
Бұл күнде,

Қолдан сирек келетұғын ерлік қой! деген,- ақын Ғафу Қайырбековтың Жүмекен ақынға арнаған өлеңінің мына жолдарын оқи отырып, Күнсұлу апа, мамандығыңызға шын берілген мықты маман, мінезге бай сыйлас әріптес ретіндегі кісілік келбетіңіз мәңгі жүрегімізде сақталады дегім келеді. Жаныңыз жәннатта, пейіште нұрыңыз шалқысын...

*** **

Әкесіз өткен 100 күн (немесе оның рухына бас ию)

Жүрдек пойыздай зуылдап өтіп жатқан қайран уақыт ай десеңші... Қазанның 16-сы күні түнде әкемнің о дүниелік болғаны жайлы жүректі қансыратып кеткен қаралы хабарды естігеніме де 100 күн болып қалыпты.

Таң атқанша кеудемнен шығып кетердей тарсылдай соққан жүрегім сенбегенін қайтейін, жаманат хабар жалған болмай шықты. Қалай ғана сенейін, екі апта бұрын ғана, сіңлімнің ұзатылу тойында көтеріңкі көңіл-күймен жүрді ғой. Қонақтармен суретке түсіп, дастарханда отырғаны... көз алдымда.

Әлдекімдер арманы жоқ, біраз өмір сүрді, ұрпақ қызығын көрді ғой дейді. Дегенмен, ауырып жатқан болса, барып, қоштасып қалар едік қой деген өкініш көңілден кетпейді. Енді біреулер бұл кісінікі той ғой деп те жатыр. Мен ол пікірмен келіспеймін. Өмірден адам өтіп жатса, артында ұрпағының көңілінде өкініш қалса, ол қалай той болмақ? Жә, бәрі алланың ісі ғой. Көнбеске шара жоқ. Шынында әкем өмірден риза күйде аттанды деп ойлаймын.

Шешем екеуі қосылған сонау 1960 жылы жаңа өмірді жаңа баспана салудан бастаған әкем уақытпен санаспай еңбек етті. Дүние, байлық жиған жоқ, есесіне айналасына дос-жаран, жора-жолдас жинады. Жаратқанның бұйрығымен дүниеге келген бізге саналы тәрбие, жоғары білім алуымызға жағдай жасады. Ұл-қыздарының жаман қылығын көрген жоқ, өмірінің соңғы күндеріне дейін олардан тек жақсылық пен қамқорлық көрді.

Өзі жоқшылық салдарынан оқи алмай қалғаны болмаса, көкірек көзі ашық, өте білімді адам болатын. Кітапты көп оқитын, күнделікті газет-журналды жібермейтін. Зейнетақысына бірінші кезекте «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан»), «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газеттеріне бір жылға жазылатын. Оқылған газеттерді мұқият сақтап, жинап қоятын.

Қазақ әдебиеті, тарих пәні бойынша кез-келген уақытта сұрақ қоятын. Білмей қалсаң, «осы сендер не оқып жүрсіндер», деп,- ренжіп қалатын. Күнделігімізді қарап, апта сайын бестік бағаларымызды санап, күлімдеп, сондай риза кейіпшен қолын шиыра қойып беретін. Анда-санда мектептегі ата-аналар жиналысына қатысып келгенде, қуанып, шаттанып келетін. Сабақ оқымайтын немесе сабақтан жиі қалатын оқушылардың ата-анасына аяушылық білдіріп: «Апырмай, пәленше баласы үшін жер болды ау, неге оқымайды екен ана бала? деп, налитын.

Үйдің ішкі-сыртқы шаруаларына баулып, тыным таптырмайтын. Мынау үлдікі, мынау қыздікі деп бөлген емес. Мал суару, шөп жинау, қар күреу, отын жинау, қой бағу сияқты тірліктердің бәріне араластыратын. Бір жұмысты бастасаң, аяқтауға міндеттейтін. Қазір үйде

болсын, жұмыста болсын, ойға алған шаруаны бітіргенше, байыз таппайтын әдетім әкемнен жұққан ау деп ойлаймын.

Әкем қазақ, орыс ақындарының өлеңдерінен үзінді келтіріп, Крыловтың мысалдарын жатқа соғатын. Айналасындағының бәрін күлдіріп, үнемі әзілі аузында жүретін. Кешке сабақ оқып жатқанда жанымызға келіп, не оқып, жазып жатқанымызды қараушы еді. Көркем әдеби шығарма оқып жатсақ, ол шығарма не жайлы екенін сұрайтын.

Арамдық дегеннің не екенін білмейтін балакөңіл, аңқаулығы да бар еді. Біз көп балалы жанұямыз, атам мен әжем болды. Үйде үнемі кісі болатындықтан, есікті құлыптау дегенді білмей өстік. (Ол кезде ауылда бәрі солай еді ғой) Кейін балалардың алды өсіп, жан-жаққа кетті, ата-әжем өмірден өтті. Анама көп балалы ана ретінде берілген үйге көштік. Бір күні әкем Жайыққа балық аулауға барайын деп үйден шықпақшы болады. Үйдегі балалар сабақта, анам жұмыста, есікті кілттеп кетуге тура келеді. Әкем есікке құлып салып, кілттеп, ашқышын сол есік жанындағы үй қабырғасына шеге қағып іліп кетіпті. Кейін осы жағдайды жиі еске алып, күліп алатынбыз.

Әлі есімде, Гурьев мәдени-ағарту училищесін бітіріп, ауылға бардым. Ауладағы сәкіде отырған әкемнің қасына отырып, дипломымды көрсеттім. Ол құтты болсын, деді де асығыс үйге кіріп кетті. Қолында «Егемен Қазақстан» газеті. Маған беріп жатып, мынаны қарашы деп қолымен бір мақаланы нұсқады. «Оралда Мәдениет Институты ашылды» деген хабарламалық мақала екен. «Сен осы институтқа бар, тапсырып қара, жоғары білім керек қой, түсінген кісіге, қыз балаға кітапханашыдан артық мамандық жоқ» деген еді.

Мен де екі күннен кейін қалаға кетіп, құжаттарымды жинап, Гүлнар құрбым екеуміз Орал қаласына жол тартқан едік. Әке тілегі қабыл болды ма, институтқа түстім.

Өмірден өткен әкесін әркім әрқалай еске алып жатады. Біреу әкем үй алып беріп еді десе, енді біреу әкем жетектеп әкеліп оқуға түсірді немесе әкем зейнетақысын маған беретін еді дейді. Менің әкем бұлардың бірін де жасамаса да, өмірде тек өзіне ғана сену, қиындыққа шыдас беру, мақсатына өз күшіңмен жету, қолында билігі бар кісіге жағынудан аулақ болу, наныңды адал еңбекпен табуды үйретті. Сол үшін оның рухы алдында қарыздармын. Әрине, тәптіштеп, сөзбен айтып түсіндірген де жоқ. Өзінің ісімен ғана дәлелдеп, санаға сіңірді. Бүгінде қандай да бір жетістікке жетсем, әкемнен алған сол тәрбиенің жемісі деп білемін.

Кейде маған біреулер папаң көп үндемейтін, сөзге жоқ адам ғой деп жатады. Ол өмірінің соңғы жылдарында сондай күйге түсті. Өйткені 50 жастан жаңа асқан тұңғыш ұлы - Қуаныштың аяқ астынан өмірден өтуі ол үшін қатты соққы болды. Іштен тынып, ойдың түбіне түсіп кетті десе де болады. Табиғатында әкем сөзге шешен, кез-келген тақырыпта әңгіме қозғай алатын, өмірге құштар жан еді.

Қаңтардың 5-і әкемнің өмірге келген күні. Тірі болса, 84 жасын тойлап, ортамызда жымысып күліп отырушы еді. Әттең, жалған дүние ол күнге жеткізбеді... Ауылға барғанда күлімдеп қарап отыратынының өзі бір дүние екен ғой. Бұл күнде орны ойсырап, құлазып тұр. Тек қабырғадағы жансыз бейнесі ғана күлімдеп: «Мәкөлтай, аманбысың» деп тұрғандай болады да тұрады.

Жатқан жерің жайлы болсын! Пейіште нұрың шалқысын, Әкешім!

*** **

Әлемді әлдилеген Ана

Ұқсайды бар тыныштық жер бетінде,
Ұйқыдағы сәбидің келбетіне.
Кім болсаң ол бол, мейлің, рұқсат жоқ,
Ұйықтап жатқан ұлымды тербетуге!

Мұқағали Мақатаев

Ұйқыдағы сәбидің келбеті... Иә, томпыып ұйықтап жатқан періште сәбиді көз алдыңызға елестетіп көріңізші... Бейкүнә, жер бетіндегі зұлымдық пен жамандық атаулыдан хабарсыз... Қайтадан сәби болып, бесікте тербелгім келіп кеткенін ай...

Сәби күнімде әжем Жібектің күн сайын ұйқыға жатар алдында: «Ей, жаратқан ием, жар бола көр! Тыныштығыңды бере көр! Бәле-жәледен, қауіп-қатерден, көлденеңнен сақта сақта» деп айтатынын жиі естуші едім. Балалығым болар, әжеммен қосылып, арасында өзім де айтып кетуші едім. Бірақ мән-мағынасын онша түсінбеппін. Қазір деөз шешем: «Ұл-қыздарымның біреуінің тырнағының сынғанын көрмесем екен, алла тек осы ұрпағыма амандық берсін, басқа ештеңе керек емес» деп жиі айтып отырады.

Сонда деймін ау, әжемнің тілейтіні жер бетінде тыныштық, бейбітшілік болса екен, соғыс, табиғи апаттар болмай, жас ұрпақ бақытты өмір сүрсе екен деген тілек екен ғой.

Төрткүл дүниенің түкпірінде менің әжем, анам сияқты қаншама әйел-аналар бар. Олар өз балаларының амандығы үшін жер бетінде бейбіт өмір болғанын бүкіл болмысымен, шын жүрегімен қалайды. Өз перзентінің болашағы үшін алладан медет сұрау арқылы бүкіл әлемде тыныштық болғанын тілейді.

«Әйел бір қолымен бесікті тербесе, екінші қолымен әлемді тербейді» деген осы екен ғой. Осы сөздің мән-мағынасын мен қазір ұққандаймын.

Шешем Балжан Жұмақызы өмірге 11 ұл-қыз әкеліп, өсіріп, тәрбиелеген батыр ана. Отыз бес жыл егінші болып еңбек еткен ол бүгінде жапырағы жайылған бәйтеректей, қара шаңырақта кенже баласының қолында тұрады. Перзентінің табанына кірген шөңгенің өз маңдайына қадалуын тілейтін шешеме қараймын да, қайран қаламын. Түйсінгенім - мынау жарық дүниеде анадан асқан құдірет, одан асқан жаратылыс жоқ екендігі.

Аналар қандай сый-құрметке де лайық. Біздің бүгінгі қоғамда аналар, әсіресе, көп балалы аналар үшін жасалып жатырған игі істер көңіл қуантады. Десек те, «әттеген-ай» дегізетін тұстары да жоқ емес. Мәселен, зейнет жасының ұзақтығы. Саналы ғұмырын елге қызмет ету мен бала-шағасының жағдайын жасауға арнайтын аналар қауымы ерте жастан зейнет демалысына жіберілсе, оларға көрсетілген құрметтің үлкені сол болмай ма?

Ұзақ жылғы бейнетінің зейнетін көріп, немере-шөберелерінің ортасында шалқып отырған анамның бақытты жүзін көрудің өзі маған ерекше қуаныш сыйлайды. Менің анам секілді жүрегі тек балам деп соғатын аналар аман болып, ұзақ өмір сүрсе екен... Жер бетінде бейбітшілік болып, бүкіл әлем ананың әлдиімен тербеліп тұрса екен!

